

1/2018

342210



HAPKEYGE



МАҚСАТ ҚАРҒАБАЙ

НАРКЕҮДЕ


ӘӨЖ 57.017

КБЖ 28.02

Ә-27

Ә-27 «Наркеуде». Құрастырған – Мақсат Қарғабай.
«Алтын шаңырақ» баспасы.
Алматы - 2018 ж. 60 бет (4 бет жапсырма).

ISBN 978-601-806-6-8



Тұрантегі Дулат Зикенұлы

1935 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында дүниеге келген. Ақын, тарихшы, әдебиет зерттеушісі, аудармашы орта мектепті бітірген соң, Алматыдағы мемлекеттік Абай атындағы педагогикалық институттын тіл-әдебиет факультетінің түлегі. 1957 жылы Созақ ауданының «Жуантөбе», «Шолаққорған» орта мектептерінде мұғалім болып қызмет атқарған. Ал 1959-1962 жылдары комсомол қызметіне ауысып, комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, I - хатшысы қызметін атқарады. 1962-1964 жылдары Алматы жоғары партия мектебінде оқып жүріп ізденуші ретінде философиядан кандидаттық емтихан тапсырған. Кейін келе тұрмыс жағдайына байланысты өзінің туған жеріне оралады. 1964-1994 жылдары аралығында партия қызметінде болады. Дулат Тұрантегі шығармашылықпен студент кезінен айналыса бастаған. Алғашқы өлеңдері 1955 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде 1956-1958 жылдары «Жұлдыз» журналында жарияланды. Әлемнің классик ақындарының озық үлгілерінен (Гете, Шиллер, Гейне, Есенин, Блок, Пастернак, В.В.Высоцкий, Марк Твен т.б) көптеген аудармалар жасаған. Ақын өлең жаза жүріп, жергілікті тарихқа да ден қойған. Әдебиет сыны мен де айналысты. 1996 жылы «Баба Түкті Шашты Әзіз», 1997 жылы «Шоғырдағы жарық жұлдыз» (С.Қожанов жайлы) «Қайран қарттарым» (поэма), «Сыншы ғылым Р.Бердібай» атты әдеби портрет, «Асқар әлемі», «Сыншы», «Талғам таразысы» сияқты күрделі мақалалар жазды. Дулат Тұрантегі «Ит терісі», «Тарғыл тастардың көз жасы» атты драмалар жазған. Бұл тарихи драмаларда әйгілі Созақ көтерілісі саяси қуғын – сүргін зобалаңдарындағы оқиғалар арқау болған. Қаламгер азамат соңғы кездерінде жасының ұлғайғанына қарамастан өнімді еңбек етіп, қоғамымыздағы аса өзекті тақырыптарға қалам тербеп әдеби сын мақалалар жазды. Дулат Тұрантегі 1996 жылы «Егемен Қазақстан» газеті жүлдесінің жеңімпазы. Қазақстан Республикасы Құрмет грамотасының иегері, Елбасының арнайы



Алғыс хатымен марапатталған. Сонымен қатар, 11 медалдың иегері, 2017 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының «Жылдың үздік жазушысы» номинациясымен марапатталды. Созақ ауданының Құрметті азаматы. Ақын, аудармашы, прозашы, әдеби сыншы, тарих зерттеушісі Дулат Тұрантегі ағамыздың есімі «Республикалық атақты азаматтар» кітабына енген. Өмірден өтсе де көңілден мәңгі кетпейтін асыл ұстазымыздың рухына ниеттеп «Алтын шаңырақ» баспасында қызмет атқаратын Жанболат бауырымыз шағын болса да естелік ретінде соңғы жылдары жарияланған мақалалар мен сұқбаттарды құрастырып оқырман назарына ұсынып отыр.

Рухани тазалықтың үлгісі

*Бар дүниеде бір тамшы жоқ бас артық,
Бір түйір де жаралмапты-ау тас артық,
Шыбын шіркей, әр бүршікті жыл сайын,
Қайта оятып тірілтеді жасартып.*

*Өмірге де, жастыққа да кенде жоқ,
Бәрін берген бірақ риза пенде жоқ.
Бірақ келер жастықты да қор еттің,
Төгіп шашар артық өмір менде жоқ.*

Иә, десеңші. Талай ғасыр адамзат әрбір талантты өнер адамы келген сайын, тұңғыық ойға батып, басын әрі шайқап, бері шайқап, жауап таба алмай келген жады сауал, бұл жолы Дулат ақынның өз аузынан оралады. Өмір деген өкसेгеннің бірін өткізер, көксегеннің бәріне жеткізер жайдарман бақыт емес. Өз қиялыңа бола өзінді қинап бағар жан тәсілім. Ақындық дегеніміз де- сол жалғаншының сел-топанына малтыққан пенде шіркінді ақиқаттың тоқымдай аралына жеткізіп, аман-есен алып қалудың қамы шығар.



Тек ескертетін бір жағдай адамның тағдыры тек бір ғана буынның өмір жолымен шектелмейді ғой. Қарға тамырлы қазақ кемі жеті атасынан бері не не істеп не қойғанын, амал-әрекетін жалғастырып өтеді емес пе? Дулат Тұрантегінің де айтар ойы, сол көнеден келе жатқан тағылымды алға тарта отырып, поэзияны шынайы өмірге ұштастыра білуінде десек болар.

*Қай елде қандай дерек аңыз барын,
Ғалым мен тақуаның уағыздарын.
Тарихтың қойнауынан жеткізетін,
Ақылман, шежіреші, абыздарым.*

Дулат Тұрантегінің осы бір өлең жолдарын оқығанда, кешегі тарихшыларымыздың айтып кеткен тарихи деректерін бір шумак өлеңге сыйғыза отырып өзінің де осыған ұқсас бейнесін еске салғандай. Ақын боп шалқып, даурығып, даралық танытпаған Дулат Тұрантегінің жан дүниесі, ел емін сабырмен тыңдап, шығармашылығына арқау еткен, сырға берік, момын кейпін де, қазақ жанының салмақтылығы бар өзгеше талантын да осы жолы танытқандай. Ұлы жазушылардың қай-қайсысы болса да әдебиетке алдымен өлең арқылы келгенін байқау қиын емес. Олар ең алдымен оқырманға өлең арқылы танылған. Өйткені өлең шығармашылықтың көкжиегін кеңейтіп, жаңа биік, жаңа өрге көтерілуіне жол ашады.

Поэзия- жеке адамның ешкімге айтпас құпия қастерлі ішкі сыры. Поэзия- адам жанының жаршысы. Поэзия-тарихтан да, тіпті философиядан да жоғары екенін бағзы заманнан-ақ ұлы Аристотель айтып берген ғой. Поэзия-халық мұны, өнердің шыңы. Осыны жете ұққан қаламгер-ақын Дулат Тұрантегі де өзінің әдеби шығармашылығын, поэзия жанрымен қатар алып жүрді. Алғашқы кітабы «Көкейтесті» өлең жинағын 1994 жылы оқырмандарға ұсынды.

Дүкен содан кейін Созақ тарихына қарай бет бұрып «Тарихи тұлға» атты танымдық кітабын шығарып, әдебиеттің ең өзекті, ең



көкейтесті мәселелерін қозғауымен көзі қарақты жұртшылықты өзіне бірден аударып алды. 1997 жылы «Жандауыс» поэмасы қалын оқырмандардың қызығушылығын тудырды. Бұл әдебиеттің де, қоғамның да даму тенденциаларынан бейхабар, ілім-білімі таяз, дүниетанымы тар, арғы бергіні салыстыра алмайтын, сәл нәрсеге қопиып шыға келетін, дүниенің тірегіндей сезінетін желбуаз дүмшелерге сабақ болатындай еді. Дукең өмірдің тұщысы мен ащысына барын, жарқын жақтар мен көлеңкесі қатар жүретінін, адамдардың ала-құлалығын ерте сезінді. Өмірдің сондай ұнамсыз құбылыстарын, адамның жайсыз мінездерін сынай суреттеп, бетке басып айтты. Мұның өзі кезінде кеңестік шындықты тек жылтыратып суреттеудің жалғандығын, ол өмірдің де қайшылықтары аз еместігін көрсеткен еді.

Дулат Тұрантегінің «Өкпек жел» (Қайсар) романында сонау кеңес өкіметінің тұсындағы жазықсыз, жазықты қудаланған адамдардың көрген азаптарын, оқиғаларын шынайы ашық суреттеуде ерекше романтикалық көрініспен, тіл ерекшелігімен көркемдей білгенін көреміз. Әкесі Зекеннің қудалауға түсіп сонау Сибирге айдалып, онда саяси қудалауға түскен Лазарь Моисеевич Блюммен кездесуі, арадағы онымен болған ашық әңгімеде қасындағы досының осы жақта қанша түс бар деуі, кейіпкердің бояу дегенді білдіре отырып, арадағы суретшілер яғни жалдамалы жансыздардың бар екенін, олардан сақ болуын айта келіп, ақ пен жасылды ажырататын Клод Монедей суретші керек деген екен. Айналада не болып жатқанын ұмыт! Жаси берсең қажып қаласың. «В глубине Сибирских руд храните гордое терпение» демеп пе еді. Иә... «Алыс Сібір түкпірінде жасыма дос, сабыр қыл» әкесімен бірге болған досының ашықта, батыл кейпін жазушының суреткерлігімен оқиғаны жеткізе білді. Бұдан біз автордың образ ашу, шығарма композициясын дамыту жолындағы үлкен табысы ретінде оның тек уақиға мен адамдар әрекетін әңгімелей бермей, сол негізде адам мен оның ісі, заман жайлы толғанысқа түсіп, кетіп отырған жазу дісін атауға болады.



Белгілі әдебиет зерттеушісі ғалым К.Сыздықов өзінің ой толғауында, анау-мынауға елігіп мойын бұра бермейтін сарабдал сыншы Тұрсынбек Кәкішев ағамыз Дулат Тұрантегінің «Қазақтың мерейі» атты жазған публистикалық толғауына өте жоғары баға берген еді, дей келе автор Дулат шығармалары туралы да ой қозғайды. Дукен өлеңдері өмір тынысына толы. Әр шумақтағы сөздердің бәрі қимылға кіріп, тіршілік бүлкілін білдіріп жатады. Ақын екенсін дейді жұрт, насаттанбаймын мен де бұған, Ақындық деген құр дақпырт, пенделіктен әрі аса алмаса деуі автордың сөз құдыретін, жалған мадаққа айналдырып, арнау жазып насаттандырып жүргендердің есіне салғандай, ол поэзия еместігін түсіндіргендей.

Дукеннің «Көкейтесті» өлең толғауларында:

*Жарық қылған кеудеге шырағдан ба,
Жазылмаған гажайып жыр арман ба.
Көкейтесті ойларым қуат болған,
Таусылғанша дәм-тұзым бұл жалғанда.*

*Арманшылды қояр ма ой жүдетпей,
Сілкіндірмей, жаныңды елжіретпей.
Сөйтіп жеткен биігің ұзап кетер,
Беймәлім тағы ашылған көк жиектей,-дей келе*

*Бар мәнісі осы боп бұл жалғанның,
Жүрегімнен тұтанған жыр арманның.
Жел өтінде ұйтқыған сөнбесе екен,
Маздап тұрған білтесі шырағданның-дейді ақын.*

Осы бір шағын арманға толы өлеңде қаншама сурет, сезім жатыр. Табиғат желі мен көкейтесті ойларын үндестігін танытуда ақын мұндай едәуір ойлылық, тапқырлық танытқан.



Дулат Тұрантегінің ақындық ізденісі, оның лирикалық кейіпкерлерінің өміршеңдігінен жанына рухани азық, ой, күш-қуат алады.

Дукеңнің алғашқы өлеңдері мен сын мақалалары, аудармалары 1956-57 жылдарда орталық «Жұлдыз» журналы, «Қазақ әдебиеті» газетерінде жарық көрген. Одан кейінгі жылдарда дүние жүзі әдебиеті үлгілерімен аудармалар жасауға ден қойды.

Француз ақыны Альферд де Мюссенің «Сонет» деген өлеңін былай аударды.

*Бәрі біткен көз жасым да, өмір де,
Не іс қалды мен қарайтын қызығып.
Өрлікті де айналдырып мен күлге,
Жоқ болды бірге сенім менен ұлылық.*

*Дйтсе дағы мәңгілік ол қасиет,
Оны сезбей өмір сүру қасірет.*

Мәңгі бақи түнекте өткен бұл адам,- Бұл ерлік пе, өрлік пе, қалай десек те ақын назарынан тыс қалмауы ақиқатты шынайы ашып көрсетуді, тәңірі алдындағы адалдық, осы арқылы өзіне қуат қуаныш тапқан.

Бұдан біз Н.А.Некрасовтың «Шәкірт» атты өлеңінің аудармасындағы үндестіктің екінші қырын байқаймыз.

*Шу жануар құдай үшін,
Құм топырақ жол ауыр.
Жалықтырды, пысады ішім,
Жаныма отыр, кел, бауыр,-дей келіп
Надан жандар арасында,
Қуыс кеуде мұз жүрек.
Қаншама ер жүр осында.
Елін сүйген елжіреп.*



Міне шынайы ақын. Мазмұны әр қалай болса да Дулат ақынның автор өлеңдеріне қиянат жасамай, дәлме-дәл аударар білуі, аудармашының құдыреттілігі, шынайылығы, басқалай аудармашылар дәл осылай аударар алмас еді.

Дулат Тұрентегінің «Антология» атты кітабында толықтай әлем ақындарының озық үлгілерінен аудармалар берілген. Аударма жасауды ақынның шығармашылық бәсекелестігі деп ұққан Дүкен бұл жұмысты талантты шыңдау мектебі деп таныды.

Шетел классикасын баураған романтизм әдісі-жазушының «Антология» атты аудармасы мен «Көкейтесті» толғауларында танылса, классикалық шығармасы «Өкпек жел» романында көрініс тапқан. Дулат Тұрентегі поэзиялары қазақ әдебиетінде тақырыптық та, көркемдік те, маңызы зор.


Енді әдебиет танушылығына келер болсақ, біздің пайымдауымызша Дулат Тұрентегінің шығармалары кесек-кесек үш кезеңнен тұрады. Олар аңыз әңгімелер, бүгінгі заман және тарихи тақырыптар. Дулат Тұрентегінің жазушы ретінде көрер болсақ, лексикасы бай, шұрайлы, нәрлі сөздің қоры баурай береді. Күнделікті қолданыста жоқ, ежелгі бабалардың қойны қонышынан түсіп қалған тірі сөзді тап басып «сөйлеткенде» еріксіз ризалық сезімге бөленесіз. Жазушының көркем ойлауы-туған, өскен ортасымен егіз тамшыдай. Басқалай қаламгерлерге ұқсауды медет тұтпайды, өзіндік стилі, жазушылық әдісі өзінше бөлек, қиыр көкжиегі кең, бірігей тынысты құбылыс. Дулат Тұрентегінің «Өкпек жел» романындағы аңыз әңгімелері, тарихи оқиғалдарға байланысты толықтай құрылған. Ондағы кейіпкерлер өмірде болған адамдардың басынан кешкен қиын тағыдыры, көрген азабы, соған қарамастан өмірге деген ұмтылысы, қажырлы еңбектері, соңынан әділдіктің орын алуы мен сабақтастырады.

Тарих дегеніміз-жеке тұлғалардың өміріне, қызметіне байланысты. Мұнда уақыт межесі жоқ, бәрі де ұлылардың өміріне байланысты дейді жазушы. Иә, жақсының шарапаты күннің көлеңкесі болмайтын сәулесі секілді ғой. Ең бастысы



Дулат Тұрантегі рухани ұстазым, қырық жылдай еңбекте де ұстазым болды, жаңашылдыққа жол сілтеді. Ұмытылмас өткен күндерді есіме алсам, көз алдыма, мінезге бай, ұлық та, кішік те бола білетін, қарапайым, адалдық-әділдік, ұстамдылық, ойшылдық сияқты адами құндылықтарды өмірінің берік арқауы еткен жан. Жақсылыққа жақын жүріп, жайсыз жайлардан өзін аулақ ұстайтын. Ешқашан жеткеніне мастанбады, кердең басып, шаттанбады. Бойына білім жинап, ішкі мәдениетін дамытты. Осылайша нағыз интеллект иесіне тән мінез қалыптастырады.

Орыстың атақты жазушысы Алексей Толстой «сені кім тәрбиеледі, тегің қайдан?» дегендерге «тегім де, талантым да орыс табиғатында жатыр» деп жауап береді екен. Сол секілді Дүкен де «менін азамат болуыма, өмірге құштар болып өсуіме, әке-шешемнің тәрбиесімен қатар, қазақ табиғаты, қазақтың рухани әлемі өлшеусіз үлес қосты»-дейтін. Адамның бойындағы табиғи қасиет сонымен қатар еңбек шындап қоғам өсіреді деген де шындыққа саяды. Дүкен білімге, жаңалыққа құштар, сезімталдық қасиеттерін өмірлік ұстаным етті. «Дүние жалған арбайды, адамгершіліктен өзге ешнәрсе қалмайды» деп ғұлама Фирдауси айтқандай, әрдайым адамгершілікті биік қоятын. «Өмір ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді» деп ғұлама Сенска айтпақшы Дүкен де өзінің тіршілігінде парасатты өмір сүріп өтті. Адамның өз бағасын білу-үлкен олжа. Өз бағасын өзі білмегендер өмірден көп опық жейді. Дүкен еңбекте де, рухани ортада да, тіл табыса алатын, жөнсіз сөзге араласпайтын, өз шындығымен жүріп, өз шырайын ашып көріне алатыны ұлықтығы дер едім. Дүниеде өз бағасын білудің өзі дегдарлық емес пе. Аудан қалемгерлерінің бас қосатын жері, аудандық мәдениет үйінде орналасқан орталық кітапхана, барлық үйрімелердің жұмысы да осы арада өтеді. Әрбір кездескен сайын Дүкен бір жаңалықты ала келеді. Ол жаңадан шығып жатқан құнды кітаптардың атын атай бастады, ондағы оқиғаларға қысқаша түсінік беру мен қатар өзінің де шығармашылығы жайлы әңгімені қалыс қалдырмайтын еді. Дүкен табиғаттың



ерекшелегі, тарих пен ақындықты қатар алып жүруі, бұл сирек кездесетін құбылыс. Кейде бойыма шабыт келген кезде, жазуымды қоя салып өлеңге қарай бет бұрам, бұл менің табиғи болмысым дейтін. Өмір шындығын жасырмай ақтаратын ақиқатшыл жан еді. Осы бір мінезінен кейбір достарымды, әріптес азаматтарды да өкпелетіп қоятыным бар дейтін. Тарихи оқиғаларға, әсіресе отызыншы жылдары Созақ көтерілісі туралы қазақ халқының басынан кешкен заманауи уақиғаларды, деректі хикаяларды жазды. Өзімде тарихты ақтаруға құмар едім, өйткені туған елдің тарихын білмей ақын болу оңай шаруа емес екенін сездім, мұны маған ұстазым жиі айтушы еді. Мен дейтін рухани тазалықты, адалдықты жақсы көремін. Кешегі кеңес заманының өзінде де тазалық үшін еңбек еттім, оны өзін білесін дейсің маған. Мен мұны айтып отырғаным Дулат Тұрантегінің өмір жолы тарих десе де болады. Тарих-өткеннен өнеге алып, танымға тарызы, тірлігіне бағдар беретін құндылық. Тарих дегеніміз тәжірибе. Ал тарихтан тағылым алу адамдық іс. Демек өткеннен өнеге алу-бейне бір болашақтың бағдаршамы іспетті. Тарихты жасау оңай емес, ал оны жазып қалдыру-екі есе қиын. Бүгінде тарихты жасау мен бірге тарихи сананы қалыптастыру маңызды. Ал Дулат Тұрантегінің әлемін, жаратылысын танып білуі үшін жазушының, сыншының ойын қозғап, қаламына қанат бітірген көркем мақалаларына, тұлғалар мен уақыт қалыптастырған адами мінез-құлықтар хақындағы толғаныстарына ден қою парыз.

Мен газеттер беттерінен жиі көріп жүргенімдей, біреуді мадақтау үшін белгілі тұлғалардың атын атап түсін түстеп, соларға теңеуді құмартатын базбірқаламгерлердің тәжірибесін місе тұтқаным жоқ. Өйткені әрбір жазушының өзіндік дүниетанымы, жаратылысын ашып көрсету шынайылыққа жатпай ма? Сондықтан да Дулат Тұрантегінің өз әлемін шынайы көрсетуге тырыстым. Кейіпкерімнің ең басты құндылығы оның адамгершілігі.

Бұл сөздік қорымыздың сөлі ерекше мән, мәңгілік айқын, салмағы пара-парсыз салмақты сөз. Шынын айтқанда сөз



күдіретін танытатын ұлы күш. Мен ұстазым туралы әдебиет әлеміндегі еңбегінің бір қырын ғана көрсеткен болдым. Алда уақытта Дүкен туралы талай қаламгер замандастары ой қозғар деген үміттемін. Менікі жол ашар болсын демекпін.

*Мыңжасар АСҚАРҰЛЫ,
қаламгер, ҚР Мәдениет қайраткері.*



Ай құлақты қара қазан

*ақын, жазушы, тарихшы Дулат Тұрантегінің
шығармаларын оқығанда*

Дулат Тұрантегінің шығармаларын оқып, әрі ол шығармалардан керегінді іздеп ақтарып отырғанда көңілің бірден кітапханаға ауады. Неге? Дулаттың айтқан афоризмдері мен авторларының бірі таныс, бірі таныс емес шет ел әдебиетінің кітабын іздеп сарсаң сандаласын.

Есейген шағынан бастап әлем әдебиетінен мейірі қана ішкен жазушы сені бұрын-соңды сен көрмеген әлемге жетелейді. Дулатты оқысаң даңғаза дудан безіп, даңғайыр нуға кіресің. Нуға кірсең бірдеңе іліп шығарың анық. Әркім-әркімге өз пайымымен ат қосып, айдар тағып жатады ғой. Сондай жағдайда мен Дулат Тұрантегін ай құлақты қара қазанға теңер едім. Қазақ үшін қара қазан әлімсақтан келе жатқан асыл мүлік, әзіз дүние. Жеті қазынаның бірі, қара бала-қара қазан қамы, ырыс пен несібенін, байлық пен тоқшылықтың белгісі.

-Түйенің қомында, аттың жалында жүрген қара қазақтың осы күнге жеткені сол қара қазанның арқасы. Дулаттың әлемін ай құлақты қара қазанға теңеуімнің бір мәні оның дүниесін шөміштеп те, қасықтап та, өз қарныңның меселіне қарай ішесің. Сіңіре алмасаң ол да қиын. Ішсең таусылмас, қайнауы басылмас, толдым деп тасымас, құпиясын жасырмас қара қазанның қасиетін сонда барып ұғасың.

Осы тұста айта кетейін Дүкенді жасы үлкен ата еді, арқалы аға еді, көңілі көктей көке еді деу менде жоқ, жас қой деп жасқанту онда жоқ. Бұл қатынасқа ол да риза, біз де риза. Көрген, хабарласқан сәттерде біз де «Дүке» дейміз. Алайда менің ұстазым Дулат пен Дулаттың шығармалары.

Дүкенді үш қыры арқылы біле алдым. Бірінші, оның туа бітті ақындық келбеті, сол ақын жүрекпен қуғын-сүргін құрбандарын «тірілтуі», оның ішінде Сұлтанбек Қожановтың Созаққа, қазақ қауымына оралуына «жолсерік» болуы еді. Дүкен Сұлтекеңнің мұражайын ашуға жанын аямай жұмыс жасады. Екінші қыры, оның жазушылық саласы, онда өмірінің ішінде оқыған, көрген, естіген ойына түскен, жиған дүниелерін бой-қазанынан төгуі. Сұлтекең жайлы зерттеді, жазды, көп қалаларға барып, мұрағат ақтарды. Саяси қуғын-сүргін жайлы «Жандауыс» атты поэма жазды. Созақ көтерілісі жайлы қалам тербеді. «Өкпек жел» романын жазды. Үшінші қыры ақындығы, азаматтық тұлғасы, ақсақалдық бітім болмысы. Оның қазаны Созақтың әр үйінде бар. Жұрт оқысып, тоқысып жатады.

Дулатты оқымағандар Дулатты түсінбейді. «Ол не айтып жатыр?» дейді. Демек, олар Дулаттың қазанынан ең құрығанда саусағын батырып ауыз да тимегендер. Шығармашылық кештерде, кітапханаларда болған басқосуларда Дулат сөз бастағанда әлгілер құрлықта жатқан балықтай меңзең санасыздық кейіпте шоршиды. Ол күрделі жазады. Өлең де бейнелі ой, кестелі сөз болғанын қалайды.



Аязбидің, Жиреншенің Созақта дүниеге келгенін мен Дулаттың өз аузынан естідім. Бұл тың жаңалық емес деп айта, алмассың. Өйткені көп оқыған, ізденген адам ғана осылай айта алар. Әрқашан дерекке сүйенеді. Қожаберген жыраудың «Елім-айы» өлең-толғау ғана емес, ұзақ эпикалық дастан,-дейді. Сол жырда көне Созақ-та айтылып кетеді. Бір кездері, Созақтың бір атауы «Аяз», «Аяз қала» аталып келді дегенге жауапты сол жырдан табасыз деп, дерек көзге сілтейді.

Менің жеке кітапханамда Дулаттың бар кітабы бар. Олар оқылған соң кітапханама кіріп өзіне жайлы жерден орын алады. Ашығын айтқанда іздегенімде оңай табылатын жерде тұрады. Дулат ағамыздың өткен жылдың аяғында Шымкент қаласындағы «Алтын шаңырақ» баспасынан жарыққа шыққан «Мизам шуағы» жыр кітабы бұл кітапты былайша алғанда ақыл кітабы, ата кітап, абыз кітап десе де болар. Өйткені, бұл Дүкеннің бүгінгі абыз-ақсақалдық шақта жазған шығармалары.

Сонымен бірге көп жылдан бері жасаған аудармалары да «әлем поэзиясының озық үлгілерінің антологиясы». Өзі бұл екі жыр кітабын «егіз кітап» деп атайды.

Мен, Сен, Анау,

- Тобыр ма екен бұл халық?

Пенделікті сүйресе игі тұлғалық.

Тесіп бітер «дүние» дейтін қайықты.

Тықыр-тықыр уақыт тышқан ұрланып,- деп жырлаған дарабоз тұлға уақыт қадірін ұқтырады.

Ғасырлар қатпарларын терең сүздім,

Мың тәубә! Енді міне Тәуелсізбін!-деген тұста ақынның жандырған ұлы сезімін, ата-баба арманын, жүрек отын, егеменді еркін елдің елдігін бүкіл жұртқа паш еткен жай-күйін сезінесін.

Ғасырлар қатпарын терең сезген тарихшы- ақын дәл осындай күннің бұрын соңды болмағанын, енді бүгінгі күнге асып-тасымай сансыз шүкірлік, мың тәубе етін, тыныштық пен бейбіт күннің қадірін ұғынуға шақырады. Ақынның «Мизам шуағы» кітабын мен сүт пісірім уақытта оқып шықтым. Бірақ сан ғасырға жуық уақыттың ішінде жүргендей күй кештім.

Жұбан мен Қадір айтқан баяғыда,

Мен қазақтың кәдімгі, қазақ иә!

Мына Ұлы даланың иесімін,

Мәңгілік ел, тарихым-Қазахия- деген жыр жолдарымен

қоса:

- Түтіндеді төбелер, жалын-хабар,

Шапқылаған жаушыны сағым жабар.

Найзаменен қымтамай ірге жақты,

Бұл қазақтар емес еш дамыл табар, - деген жыр жолдарында сансыз ұқсастық сорпа бетіне шыққан майдай түйдек-түйдек көрінеді.



Егемендікті аңсаған арманшыл қазақ халқы түп тұқияннан Мәңгілік Ел, Ұлы Дала болып қалуды жанымен де, қанымен де, тәнімен де қалаған. Және сол жолда сол асыл қасиеттерін құрбан етті.

Ендігі ақынның айтпағы тарих көшінде қайта жаңғырған, қайта жаңарған Мәңгілік Елдің Ұлы дала мемлекеті Қазахия әлемде озық ойымен де бойымен де, әлеуметтік құрылымы, жетік технологияларымен дүниені мойындатса деген арманнан гөрі мақсат тұрғандай көрінеді. Өйткені, жырында әлі «дамыл таппай келе жатқанымызды» айқын аңғартып айтады.

Ақын қашанда жүрек түкпіріндегі сыры мен шыңын шабыты екпіндеп келіп қалғанда жасыра алмай қалады. Абайдын сырымды көпке шаша бермей тоқтатайын дейтіні осыны аңғартады. Құдіретті өлең, бақ құсының бір түрі.

Туған жерін, елін жырламайтын ақын болмас деп ойлаймын.

Керіп салған сары атанның терісін,

Сағымға алыс алып қашқан көз ұшын,- деп басталатын «Теріскей» атты жырындағы сары атанның терісінің үстінде отырған Созақ елі бақытты.

Сары сағымды да, сары өркеш құмдар, жөңкіле жүгіре жайылған сары шудалы түйелерді екі қатар өлең жолымен көз алдыға әкеледі.

«Киелі жер әулиелер басқан жер,

Тәу етесің ақпейіл бол, дос, таныс.

Теріскей бұл-тарихы мол, текті жер,

Көңіліңнің шаңын сүртпей баспаңыз,- деген тұсқа үңіле қараңызшы.

Киелі мекенге шын пейіліңнен, ақ адал көңіліңмен кел, санаңдағы сұршыл, келте ойыңды Теріскей еліне аяқ артпай тұрып, сол аяқ артар тұсында қалдырып кет, бұл ел шын дос, адал қонақ, ақжарма пейілді қарсы алатын өңір деп тұрғандай. Міне, осындай ақындардың оралымды ой салар жырларынан кейін баяғы, «Созақ-тозақ» деген сөзді біз мүлде естімейтін болдық.

Апта жүрсең қала жақтан жерісің,

Атқа мінсең пейілденіп кеңісің.

Мінезіңді шытынаған мұз басса,

Осында кел, қазақ болып ерісің,- деп сонда да болса ақ пейілін айрықша алға созады.

Дулат Тұрантегінін өмір бойғы жиған-тергені көп. Көргені кітап, өмірінің біршама жылдарын санамаласаң кітапханаларда өтізіп келеді. Біз Дүкеймен аудан орталығындағы орталық кітапханада жиі бас қосамыз.

Бала кезден жан серік жақсы көрем,

Қобыраған шашы әппақ кітаптарды,-

немесе



*Құжатымдай қолдан еш түсірмейтін,
Кітабым басымда бақ құсым деймін.
Кітапсыз қалай адам өмір сүрмек?*

Түсінбеймін... - деуінен-ақ ақынның кітапсыз өмір сүре алмайтын кітапқұмар, адам екенін аңғартады.

Ал кітапқұмар адамның ішкі жан –дүниесіне үңіліп көрші... Ол білімдар, қарапайым, еңбекқор, сабырлы, тиянақты, мәдениетті деген сапалы жиынтықтардан құралатын тұлғаны көз алдыға әкеледі.

Кітаптың ішінде «Бақшада» атты өлең жолдарына көзін түскенде сол бақшалықтың ішінде өзің жүргендей күй кешесің:

*Атыз толы жап-жасыл желбезектер,
Желпи бермей, жұпарға жел кезек бер.
Қалың пәлек ішінен жымияды,
Торсық шеке сап-сары әңгелектер,-немесе*

*Бақшаң осы бейнеттің жасыл әні,
Бейнет соңы ырыс боп шашылады.
Мұнда арықтар тіршілік тамыры боп,*

Жүйектерге нәр тасып асығады, - деген өлең жолдарына келгенде кідіре қалдым. Дәлме-дәл бір ақын өзі туралы айтып тұрғандай болды.

Өткен жыл Дүкен үшін жемісті жыл болды. Жыл басында «Жұлдыз» журналы №1,2 сандарында «Өкпек жел» романын жариялады. Одан әлгі «егіз кітап» жырлары дүниеге келді. Жыл соңына қарай бар керек-жарағын, ер-тұрманын түгендеп «Ақ жауын ой, сергек сын» кітабын баптап, жаңа жылды сол кітабымен қарсы алды. Жасы егде тартқан сайын өршеленіп барады. Көп жылғы жиған рухани дүниесі әлгі қазанда бұрқ-сарқ қайнап биіктен ақ жауын ой болып себелейді. Осы күнгі әдебиет әлеміне сыни талдау жасайды. Жаңа жылдың алғашқы күндері ағаны құттықтап барып ем қызу жұмыс үстінде екен. Америка поэзиясымен айналысып отыр. - Мынау Ральф Эмерсон-деді. Олардың классигі, «шығармашыл адамға тежеусіз еркіндік» дегенді алғаш айтқан адам еді,- деді. Сөйтіп жаңадан аударған Эмерсонның өлеңдерін оқып берді. Шынында да әдебиеттегі, өмір салтындағы ұстаз осындай болу керек екен-ау. Қолынан кітап түспейді.

Ал, кітап деген өмір. Өмір деген мәңгілік жасыл ғұмыр-тіршілік. Ақынның сан жылғы жиған-терген, маңдай терін төккен күндерінің жемісі-осы әңгелек кітаптар шығар. Өмір бар жер де ағыс мәңгі тоқтамақ емес.

Ағысың тоқтамасын асыл ақын аға, қазаның ортаймасын қара қазақтың ай құлақ қара қазаны! Ой қазаны, рухани қазан!

*Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
шәкірті, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.*



Ғұмыры қасіретке толы тұлға

Алаштың ардақты ұлы Сұлтанбек Қожановтың шығармашылығы мен еңбектерін зерттеп жүрген тарихшы, Қожанов мұражайының алғашқы директоры Дулат Тұрантегімен сұқбаттасудың реті түскен болатын. Сәрсенбінің сәтті күні Дулат ағамыздың шаңырағында болдым. Әңгіме тиегін ағыту үшін, тұғыры биік тұлғаның ғұмырын тереңінен жазып жүрген тарихшы ағаға сауал қоюдан бастадым.

- Дулат аға, жалпы сұлтанбектану саласына бетіңізді бұрғызып, алғаш сәуле түсіруге себеп болған ойыңыздан бастасаңыз?

-Сұлтанбек есімін бала жастан әкемнен естіп, біліп өстім. Әкем Тұранов Зикен 1936 жылы Созақ ауданында машина-трактор станциясының директоры, одан кейін аудандық партия комитетінің II-хатшысы болып 1938 жылға дейін еңбек етіп, сол жылдың тамыз айында халық жауы ретінде ұсталып кетеді. Ауданға алғаш тракторды әкелгендердің бірі сол кісі болатын. Трактор көлігі жайлы «Сары май құйса жүреді екен» деген әзіл әңгіме сол уақытта шыққан. Кадр деген тапшы болғандықтан ішнара ауданға жер аударылып келген әзірбайжан ұлтының өкілдерінен тракторшы кадрлар дайындаған екен. Соған орай «сенімсіз ұлттың өкілінен кадр дайындаған» деген екі желеу, бір сылтаумен халық жауы болуына бұл да бір себеп. Мына Қарақұр мен Раңның ортасында, арырақ барсаң Күмістінің төменгі етегінде үйілген тастарды байқадың да? Сол тастарды менің әкем жинаттырған екен. Өйткені егін егетін жерді үлкен-үлкен қой тастардан тазалау керек болған. Әкем Комвуздың (коммунистердің жоғары оқу орны) агрономия бөлімін бітірген. Өзі сауатты кісі болған. Содан 1939-1940 жылдары Сталинге,

Ворошиловқа қайта-қайта тікелей хат жазып өзінің кінәсіздігін дәлелдеп, істі қайта қарап шығуды сұранған. Кейін Хрущевтің кезінде ақталып, елге келеді. Партиялық жағынан да ақталған соң партия билеті де қайтарылады. Әкем сонда ұдайы Сұлтанбек Қожанов туралы әңгімелер айтып отыратын. Бірде ол кісі Сұлтанбекті поездда кезіктіргенін айтқаны бар.

-Сұлтекенді алғаш поездда кезіктірдім. Астана Орынбордан Ақмешітке көшіп келе жатқан вагонға менде мініппін. –Мынауың не?-деп сұрады Сұлтекен,

-Бұлар кино көрсететін аппарат. Мынау ленталар салған қорап.

-Қайда апарасың?

-Жаңа астанаға, кино көрсетем.

Ой, айналайын, інім, талабың жақсы екен, атың кім?

-Зикен!

Зикен, қандай фильмдер бар?

-Әзірше Чарли Чаплин. Онан соң «Жалған Христос». Мылқау кино. Кейін мәдени мекемелермен келісіп Мәскеуден, не Тәшкеннен фильмдер алып тұрамыз.

-Жөн екен, талабыңа нұр жаусын. Бізге жаңалық өте керек,- деген екен.

Кейін көп жылдардан кейін, Сұлтекен ақталды дегенді естіп: – Мұндай адамдарды жарыққа шығару керек!-деп қуанышын білдірді. Сол сөз есімде, мен де өз тарапымнан іздене бастадым.

- Содан соң не болды?

Содан Сұлтекенді Сәбит Мұқанов қолтықтап купеге алып кетті,-деп айтып отыратын. Осы сәттен соң мен тиым салынған кітаптарды іздеп, тауып оқи бастадым.1953-1957 жылдары КазПи-де оқыдым. Шілде айында оқуды бітірген соң Жуантөбе ауылындағы орта мектепте тарих пәнінен сабақ бердім. Ол кезде КазПи-де тарих-филология факультеті деген факультет болатын. Соны бітірген ауданда екі азамат болдық. Бірі жерлес жазушы, дарынды тұлға Асқар Сүлейменов еді. Ол менен екі курс төмен



оқып бітірді. Менің ең алғаш Сұлтанбек Қожанов туралы білуім осы кезден басталды.

- Бұл жұмыс ұзақ ізденісті, көп тер төгуді қажет еткен болар?


-Сол уақыттын адамдары көп ізденіп, көп оқитын. Қазақ ССР Ғылым академиясының «Тарих сериясы» аталымымен шығатын «Хабаршы» атты журналы болатын. Осы кітаппен деңгейлес Өзбек ССР-нің де «Вестник» атты журналының 5-6 данасы қолыма тиді. Демалыс күндері Пушкин, Панфилов паркінің қасындағы Чехов атындағы, Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханаларына барып, не керек көп оқуды мақсат тұттық. Бірде М.Әуезовтің «Абай» романы туралы ғылыми конференция болды. ҒА бұл кезде Калинин көшесінде еді. Сол конференцияда алғаш рет сырттай аты-жөнін, кітаптарын қанық білетін ғалымдарды өз көзіммен көрдім. Айқын Нұрқатов деген сыншы, ғалым баяндама жасады. Конференция ортасында Моргунова деген Мәскеуден келген бір ғалым әйел «Абай» романын «бұл роман емес, әлеуметтік сарындағы дәйекті -деректі очерк» деп сынға алды. Сөйлегендер көп болды. Сол уақытта залдын орта шенінде отырған бір жұпынылау киінген орта жастағы қазақ жігіті орнынан атып тұрды да:-Бұл қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрі, әдеп ғұрпы. Сіз роман деп екі жастың ғашықтығын ғана айтасыз ғой. Француздардың тоғышар қауымына арналған кітаптарын іздейсіз. Романды жұрт көзге сүртіп оқиды. Сіз қалай тіл тигізіп отырсыз! Ғалыммын дегендегі сауатыңыз қайда! - демесі бар емес пе? Сөйтсек бұл азамат Тәкен Әлімқұлов екен! Кейін Тәкен Мәскеудегі Литературный институтқа жолдама алды. Мұхтардың ықпалы болды ма, әлде Абай атамыздың әруағы қолдады ма Тәкен Әлімқұлов деген аты дүрілдеп берді. Конференцияда Қаныш Сәтбаев романды «қазақ өмірінің энциклопедиясы, эпопеясы»,-деді. «Эпопея» деген сөзді алғаш Қаныштың аузынан сонда естіп едім. Конференция үстінде Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин, Нәзір Төреқұловтарды ұлтшыл, феодалдық сарынды аңсаушылар деп айтушыларды да



кездестірдім. Өзбек ССР-і ғылым академиясының 1988 жылы «Тарих сериясымен» шыққан «Вестник АН» журналында Рано Раджабовна Абдугаппарова деген тарихшының «От кешу» деген мақаласы шығып, мақала маған қатты әсер етті. Сонда «Ғұмыры қасіретке толы тұлға» деген сөзі жадымда қалыпты. Басқа интелегенциялармен қатар, Сұлтанбек Қожановты да тікелей ақтауға, атын атауға ешкімнің жүрегі дауаламады. Ақталуға жұмыс жасаймын деген тарихшылар мен ұлтжанды азаматтарға тарихшы Е.Бекмұхановтың аянышты тағдыры сабақ болды-ау деймін. Сұлтанбек 1958 жылы ақталса да, терең толғаныста, кең көлемде ашық жазылмай келді. Ранонын «ешкімнің жүрегі ұлтшылдықтан құтқаруға дауаламайды» деген сөзі бар мақаласы шыққан сол журналды мен аудандық мұражайға тапсырған едім. Расында қазірге дейін Сұлтанбек есімі Қазақ ССР-нің энциклопедиясында, Ұлттық энциклопедияда көрінбейді. Алматыда оның атында көше жоқ. Астанада белгісіз бір бұрышта шағын көше бар деп естідім, бір барғанымда іздеп таппадым.

- Ал енді өз қолыңызбен мұражайын аштыңыз, 100 жылдық мерейтойы өткізілді. Іс-шаралардын басы-қасында жүрдіңіз. Осы жағын да айта отырыңыз?

- Бертін келе 1993 жылы егемендік алғаннан кейін күз айының ішінде Үкіметтің қаулысы шықты. Онда Тұрар Рысқұловтың, Бейімбет Майлиннің, Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің 100 жылдығын атап өту туралы нұсқау берілген болатын. Мен Калинин атындағы кеңшарда парторг болып қызмет атқаратынмын. Бір күні облыс әкімінің орынбасары Қуаныш Айтаханов ауданымызға келіп актив жиналысын өткізді. Ол кісі облыстың идеология жағын басқаратын. Актив жиналысы кезінде: -кімде қандай сауал бар? - деді. Мен қол көтеріп сөз сұрадым. – Қуаныш Айтаханұлы, мен аудандағы аудандық тарихи-танымдық «Әділет» қоғамдық ұйымының төрағасымын. Таяуда Үкіметтің қаулысы шықты. Онда Тұрар Рысқұловтың, Бейімбет Майлиннің, Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің



100 жылдығын атап өту шарасы қарастырылған да оның ішінде жерлесіміз, мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың есімі аталмай қалған. Мұның қандай себебі бар? Екінші, Созақ көтерілісін ақтау, алаш ардақтыларының есімін ескеру, лайықты бағасын беру неге кешеуілдеп жатыр-дедім. Қ.Айтаханов: Дүке, айтқан ұсыныстарыңыз орынды. Бұл мәселелерді тиісті органдарға қоямын,-деп жазып алды. Сол жылдары өзіміздің Қазақстанға, Өзбекстан, Қырғызстан, Иран, Монғолия, Қытай аймағына тарайтын «Азия» газеті болатын. Оның орыс бөлімін белгілі ақын Олжас Сүлейменов, қазақ тілі бөлімін Байдаулетов деген жазушы басқаратын. Аталмыш журналға «Ақсүмбенің ақ сұңқары» деген тақырыпта мақала жазып, онда Терещенко үкіметін сынға алдым.

Мақаланы жоғарыдағылар оқыған болу керек, бір айдан кейін облысқа шақырылдым. Сұлтанбек Қожановтың 100 жылдығын атап өту жөніндегі облыстық комиссияның құрамына енгізілдім.

Айтахановтың өзі жиі айтатындай «инициатива наказуемый» демекші (бір күліп алды) қазақшалағанда «белсенді болсаң, бел шешіп кіріс» дегендей артынша ауданға Қ.Айтахановтың өзі әкім болып келгенінде :-ауданнан мұражай ашамыз, өзіңіз директоры болыңыз, - деген ұсыныс жасалды. Сөйтіп көп жазылып, газеттерге мақалалар шығып Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылы 12 сәуірде №370 қаулысы шықты. Онда мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың есімін есте қалдыру мақсатында 100 жылдығын республика көлемінде атап өту шарасы туралы арнайы көрсетілген болатын. Мұражайын ашу, көшеге, мектептерге есімін беріп ұлықтау туралы да нақты көрсетілген. Дегенмен өзімнің де зейнеткерлікке шығу мерзімім тақап тұрған, демалысқа шықтымда осы іске белсене кірістім. Күз айында 100 жылдығы аталып өту керек. Үш ай ғана уақыт бар еді. Орталық саябақтың ішінде бұрын мал дәрігерлік дәріхана, кейін пионерлер үйі болған жайды босатып берді. Ішін тарихи құжаттармен, жәдігерлермен,



экспонаттармен толықтыру керек. Аудан басшысының тапсырмасын алдымда аз ғана қаржы тауып, шұғыл Ташкенге жүріп кеттім.

Ал ауданда 16 сәуір күні қазақ халқының қайраткер ұлы, даңқты жерлесіміз Сұлтанбек Қожановтың туғанына 100 жыл толуына орай қарқынды сенбілік өткізілді. Тамыз айының 12-ші жұлдызы күні Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің №901 Қаулысымен Калинин атындағы шаруашылыққа Сұлтанбек Қожановтың есімі берілді. Тәшкенге барып орталық мұражайына кіріп құжаттар іздемек болдым. Мұражайға кіру өте қиын болды. Өсіп-өніп, ұрпақты болғыр профессор Сейдәлі Тұрдықұлов деген азаматтың көп көмегі тиді. «Ақжол», «Қазақ» газеттерінің арапша жазылған тігіндісін апта жатып ақтардым. Мұражайда сирек қолға тиетін құжаттардың көшірмесін алып, жинақтап қайттым. Сұлтанбектің өз қолымен жазған дүниелерін де әуірімдеп жүріп қолға іліктірдім. Іс сапарлатып берісі Шымкент, Алматы, арысы Орынборға дейін бардым. Архивтерді араладым. Түркістан Республикасының іс-қағаздарымен таныстым. Сөйтіп барынша мұражайды толықтыруға тырыстым. Көмек қолын созған азаматтар да болды. Ол кезде ксеро деген енді-енді шығып жатқан. Әкелген көшірмелер қарала-торала болып шықты.

-Үйдегі апамыз, сіздің жұбайыңыз Раушан апамыздың да Сұлтанбек атамызға туыстығы бар деп еститін едім? Басқа да ел біле бермейтін туыстары туралы деректеріңізді айтып өтсеңіз?

-Қожанов туралы жазғандағы үлкен пайдам 1989 жылы Алматы қаласында Күләнда апамызды кезіктірдім. Сұлтанбектің Мәскеуде білімін көтеруге барғанын, Тәшкенде мақта шаруашылығы, егін егу, дамыту, мақта кластерін басқарғанын айтты. Арада жылдар өте ауылға келді. Үйде болды. Біздің үйдегі Раушан апаң Сұлтанбек Қожановтың туған жиені. “Аллаһудан” бұрын 1928-1929 жылдары байдың тұқымдарын қудалау басталғанда онша бай болмаса да әке-шешесі Созақтан Түркістан,



одан әрі Келес жаққа көшіп кеткен екен. Аранын ашып аштық келе жатты. Бастысы басымыз аман қалсын. Темір жол жағалап сабан сатсан да, масақ терсен де өлмейсін деген үмітпен кетеді. Көшіп барған соң сол жақта түйелерін кіреге беріп күн көріпті. Ран ауылында Мүсірәлі деген Сұлтанбектің нағашысы болған. Мүсірәлінің әкесі Тоққожа. Сол Тоққожаның бәйбішесінен Ақшақыз, Алмақыз, Айнақыз, Мүсірәлі есімді үш қыз, бір ұл, тоқалынан Бегайна, Бекшора деген бір ұл, бір қыз болады. Бәйбішеден туылған екінші қыз Алмақыз Сұлтанбек Қожановтың анасы.

Алмақыз апамыздан Сұлтанбек, Райс деген екі ұл, Бұзау (шын есімі Қалайы), Уәзипа деген екі қыз болған. Бұзау Шолаққорғандағы Қайдакештің анасы. Осы Раушан апаң Қайдакештің үлкен қызы. Бұзау апа(Қалайы) 1947 жылы елге қайта көшіп келеді. Раушанды сол кісі емізіп, өзі бауырына басты. Содан ол Сұлтанбектің туған жиені саналады.

Мүсірәлінің немересі Уалихан қария қазіргі күнде Сұлтанбектің көзі тірі нағашыларының соңғы тұяғы. Ол Сұлтекеңнің 100 жылдығында алты қанат киіз үйін безендіріп, бір жылқысын сойып тойға келушілерге қызмет еткенін білетін едім.

1989 жылы күзде, дүниеден өтер алдында Күләнда апамыз «ерім Сұлтанбектің туған жеріне тәу етемін, басқан топырағын басамын, құран бағыштаймын» деп келіпті. Ол уақытта Санжар Оразұлы Жандосов Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасы болатын. Күләнда апа Созаққа келе жатып сол кісінің қабылдауында болыпты. Қабылдауда әр жақтан біршама кісілер кезек күтіп отырыпты. Күләнда апа ұзын бойлы, қара сұрлау, кісі екен. Егде тартқан әйел кісі қабылдауда Санжардың қабылдауына кіремін дейді. Хатшы қыз отырғандардың барлығы сол кісіге келіп отырғанын айтады. Хатшы қыздың қолына бір жапырақ қағаз береді. Онда: -Мен Күләнда Қожанов сіздің қабылдауыңызға келіп тұрмын-деген бір ауыз сөз жазылыпты. Хатшы қыз ішке алып кіргеннен кейін артынша есігі тарс етіп айқара ашылып,



Санжардын өзі келіп құшақтап, дауыстап жылап жібергенде отырғандар өре түрегеліпті. Кездесудің әсерлі болғаны соншалықты қабылдауда тұрған кісілер көзіне жас алыпты. Сонда Санжар:-азаматтар, бұл кісі ардақты тұлға Сұлтанбек Қожановтың жұбайы Күләнда Қожанова! Азап пен қуғын-сүргінді көп көрді. Бүгін елге аман-есен келіп тұр. Мен осы кісімен әңгімелесейін, сіздер рұқсат беріңіздер!-депті. Ішке кіргеннен кейін Күләнда апа ауылға зиярат етіп бара жатқанын айтады.

-Жәрдемім сол, қызметтік көлігімді берейін. Барып қайтыңыз деп Санжар көлігін береді. Сол көлікпен елге келіп кетеді. Мен ол кезде парторг болатынмын. Сұлтанбек Қожанұлы туралы әңгімені бастап бергенімде ол кісі: Ой, айналайын! Сен мұнша дүниені қайдан білесің? - деген еді.

Сұлтекең туралы қазақтың зиялы азаматтары қарап жатпады. Жолтай Әлмашов «Жұлдыз» журналында бірнеше мақала жариялады. Жазушы Бейбіт Қойшыбаев «Арай» журналына «От кешу» атты мақала жариялады. Бұл әлгі Рано апайдың мақаласымен үндес еді. Әлі де жалғаса береді. Түркістаннан, Шымкенттен азаматтардын аттарынан мақалалар жазылып, республика басшылығына өтініштер айтып жатты. Өттеген-айы сол, Күләнда апамен алаш перзентінің кіндік қаны тамған Ақсұмбе ауылына бірге бара алмадым. Ол жақта Шериазданов Мұхаммеджан, Орха, Сапарбек болыстың ұрпақтарынан қалған туыстары бар еді. Олардың бұл кісіні менен артық құрметпен қарсы алатынын білдім. Кейінгі бір деректе Сұлтанбек Қожановқа туыстығы бар алыс-жақын ағайынынан 62 жанұя опат болыпты деседі. Ол уақытта саясаттың долы желі түңлігін шайқамаған шаңырақтар аз болатын. Не керек сол жылы мұражай ашылды. Дүйім елді жинап республика көлемінен өкілдер шақырылды. Ас берілді. Қызы Зибә апай келді. Зибаның қызы келді. Алматыдан Тыныбековтер, Мұханов, Тайжановтар келіп тойға көп атсалысты.



-Дулат аға сөз соңында алдағы уақытта қандай игілікті жұмыстар іске асырылса екен деген үміт, тілегіңіз бар?

-Алдағы уақытта Сұлтанбек Қожановқа Астана, Алматы қалаларынан үлкен көрнекті көше берілсе, ҚР Президентінің мәдениет орталығынан Қожановқа берілген мұражай бұрыш толықтырылса, ескерткіші Астанада бой көтерсе, аудан орталығында жаңа мұражай салынып, ішіне Сұлтанбек жайлы, Созақ көтерілісі туралы, ҰОС, ауған соғысы, желтоқсан көтерілісіге қатысушылар туралы панорама тұтас қойылса, мектеп оқулықтарына, ұлттық энциклопедияға есімі енгізілсе, Ақсүмбедегі өз атындағы жаңа мектептің ғимараты бой түзесе нұр үстіне нұр болар еді. Мұның барлығы келешек ұрпақ үшін өте қажет. Алдағы қыркүйек айында аудан әкімдігі мен Ақсүмбе ауылының тұрғындары тарапынан ұйымдастырылып өтетін 120 жылдығы өз дәрежесінде өтеді деп ойлаймын.

Әңгімеңізге үлкен рахмет!

Сұқбаттасқан Мақсат ҚАРҒАБАЙ



Теріскейдің абызы еді..

Зиялы бітімімен, рухани байлығымен, адами қасиетімен, табиғи талантымен өзінен кейінгілерге үлгі-өнеге бола білген Дулат көкеміз соңына өшпес із, өлмес сөз қалдырған бірегей тұлға десек қателеспеспіз.

Алыс түкпірде жатып-ақ жауһар туындылар қалдырған орыстын әйгілі жазушысы М.Шолохов сияқты Дулат көкеміз де шалғайдағы Созақ елінде жүріп-ақ арғы-бергі тарихты қозғады, шетелдік поэзия кереметтерін қазақ тілінде сөйлетті, өзі де ешкімге ұқсамайтын болмысы бөлек өлең-жыр тудыра алды. Енді екінші, яғни мәңгілік ғұмыры төл туындыларымен жалғасын таба беретініне шүкіршілік дейміз.

*Абызымен қоштасты Созақ елі,
Ғұмыры адал еді, таза еді.
Оның қалам тербеуі тоқтағанмен,
Ол туралы ұрпағы жазады енді...*

*Дінтайұлы Тұмартай
ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі*



**Дулат Тұрантегі қарымды қаламгер ғана емес, ауылдың
абыз ақсақалы, қабырғалы қарты да еді ...**

Ақын, сазгер, драматург Байділдә Айдарбековтың жазушы, сыншы, әдебиет, тарих зерттеушісі Дулат Тұрантегі туралы жазған «Талғамы биік, танымы терең» атты толғаныс-эссесі «Жұлдыз», «Ақиқат» журналдарында сондай-ақ «Оңтүстік Қазақстан», «Созак үнін» газеттерінде жарияланған болатын. Біз бүгін оқырмандар назарына осы мақаланы ықшамдап беріп отырмыз.

Талғамы биік, танымы терең

толғаныс-эссе

«Бүгін ол кісіні сыртынан көріп қалдым. Көптен бері көрінбей кетіп еді, барып амандасып, біраз әңгімелесіп қайтуым керек екен. Тоқта! Барам деймін, әңгімелесем деймін. Не жайында әңгімелеспекпін? Ол кісінің қандай мәселені қозғаса да, оның көпке белгілі жағын емес, беймәлім жағы туралы, мәселен, теңіз туралы сөз қозғаса, суының бетін ғана қалқып өтпей, тұңғығын сүзіп шығып, әңгімені тереңнен тартатыны, ара-арасында жүзіңе сынай қарап, сауал тастап қоятыны да бар емес пе?

Жарияланғаны бар, жарияланбағаны бар мақалалары мен кітаптарының тақырыбын параққа тізіп шықсақ, он шақты бетке жетіп жығылатын, ежелгі грек философтары Платон, Аристотельден бастап, Гете, Спиноза, Кант, Гегельге дейін, одан бергі Барт, Бредли, Фейрбахтан бастап, Маркс, Энгельс, Ленинге дейінгі озық ой иелерінің кітаптарын сөресіне жинап қана қоймай, олардың озық идеяларын өз шығармасына жиі пайдаланатын. Гегель мен Әл Фарабиге көбірек шұқшиып, «Эстетика тарихын» (История эстетики) жиі-жиі парақтайтын



Дулат Тұрантегі осы жазушы ма, әлде ғалым ба? (Дүкеннің қаламынан алдғы кезде әлемдік деңгейдегі өте құнды дүние туып жатса, оған өз басым тіпті таңқалмаймын). Өткенде барғанымда Джотто, Мазаччо, Леонардо да Винчи, Микеланджело, Тициан, Рафаель, Рубенс секілді атакты суретшілер туралы тереңнен қозғай келіп, тосыннан сұрақтар қойғанда, тосылып барып жауап бердім емес пе? Осы, Дүкеннің білмейтін өнер саласы жоқ-ау деймін? Әлде, әдебиетті, тарихты зерттегендей, бейнелеу өнері саласын да зерттеп жүр ме екен? Олай болуы да әбден мүмкін. Сондықтан, тағы да ұятқа қалмас үшін қайта өрлеу дәуірінің суретшілері туралы біраз мағлұмат алғаным артық болмас. Ия, бірінші өзімді «ұятқа қалдырған» әлгі суретші Сальвадор Даллиден бастайын..

...Сальвадор Далли Испанияның Католони деген жерінде туылған. Белгілі сюрреалист суретшілердің бірі. Туындылары..

Жарайды. Осы да жетіп қалар. Кешке қалып кетпей ертерек барып келгенім дұрыс шығар. Тәуекел! Кеттім..»

- Ассаламуәлейкум, Дүке!

- Уағликумассалам! Кел, кел, Байділдә балам. Біраздан бері келмей кетті ғой деп жаңа ғана сен туралы ойлап отыр едім. Алдымен шай ішіп алайық, сосын.. Әй, қайсың барсың? Бізге..

- Жоқ, Дүке, шайға әуре болмаңыз. Қолыңызды алып, біраз әңгімелесіп қайтайын деп..

- Ә, солай ма. Олай болса, менің жұмыс бөлмеме барайық...

«Ал, келдім. Қолын алдым. Енді неғып отырмын? Бірнәрсе деп сөйлеуім керек қой..»

- Дүке, жаңа маған келмей кеттің деп жатырсыз. Мен ауылдамын ғой. Керісінше көптен бері көрінбей кеткен өзіңіз емес пе?

- Ә-ә, сен білмейді екенсің ғой. Мен сонау Омбыға барып қайттым ғой.

«Дұрыс болды. Әңгіменің тақырыбы табылды»..

- Омбы дейсіз бе? Бер жағы Түркістан, Шымкент, арғы жағы Алматы, Астана, тіпті Ташкентке дейін барып, мұрағат ақтарып



жүргеніңізден хабардар едім. Бірақ, жер түбіндегі Омбыға не үшін барып жүрсіз?

- Е-е, балам-ай! Не үшін дерің бар ма. Сол, өзіңе айтып едім ғой, Алла бұйыртса алдағы кезде жарық көрер кітабыма мәлімет, деректер іздеп жүрмін деп. Бұл да сол әрекетімнің жалғасы десем болады.. Жас келген сайын адам ойына алған ісін бітіргенше асығады екен.

- Солай деңіз. Сонымен сонша жер жүріп барғанда ондай мәлімет, деректерді таба алдыңыз ба? Омбыға сапарыңыз қалай аяқталды?

- Қысқа айтсам, іздеген мәлімет-деректерім табылып, сапарым сәтті аяқталды. Ол не дерек, не мәлімет, ол туралы бұйыртса, кітабымнан оқырсың. Ал, енді өз әңгіменді айта отыр..

«Не айтсам екен? Ия, ең алдымен өзімді мазалап жүрген сұрақтарымды қойып алайын»..

- Дүке, тиегін ағытсақ, айтар әңгіме көп қой. Алайда,

Малда да бар жан мен тән,

Ақыл-сезім болмаса.

Тіршіліктің несі сән?

Тереңге бет қоймаса -деп хакім Абай айтқандай,

адам ойлана алуымен, сезімге беріле алуымен, ең бастысы-өзін мазалаған сұрақтарға жауап тауып, арман-мақсатына ұмтыла алуымен адам емес пе. Мені де мазалап жүрген біраз сұрақтар бар еді, соны сізге қойсам ба деп едім... Қаншама сын, зерттеу мақалаларыңызды, кітаптарыңызды айтпағаннын өзінде төрт-бес жыр жинағыңыз жарық көрді. Үлкен мүмкіндігіңіз бола тұра, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне өту ойыңызда жоқ па? Сонан соң.. сонан соң сіздің маманы болмасаңыз да бейнелеу өнері саласы туралы көп нәрсені қалай білетініңіз, сондай-ақ, әдсбиеттің қыры-сырын жетік біле тұра бірде бір прозалық көркем дүниесіз жазбағаныңыз да маған жұмбақтау болып тұр. Ал, енді ең соңғы сауалым: Алдағы жоспарыңыз қандай? Жаныңызға





күні-түні маза бермей «мені жаз, мені жаз» деп түрткілеп жүрген тың тақырыптарға да тоқталып кетсеңіз..

- Балам-ау, сұрақты көбейттің ғой. Әйтсе де бұл сұрақтарыңның бәріне қиналмай жауап бере алатын секілдімін. Жаңа Жазушылар Одағына неге мүше болмайсың дедін. Айтайын. Жас кезімде «жаспын, әлі де іздене түсуім керек. Жазушы деген атқа әбден лайық болған кезде ғана өтуім керек» деп ойладым. Осылайша оқи-оқи көзім, жаза-жаза қолым талып, талғамымды биіктетіп, танымымды тереңдетіп жүргенімде жасым келіп, қартайғанымды да білмей қалыппын. Міне, сүйтіп журналис те, жазушы да аталмай-ақ, ауылымда жүріп-ақ, оқырымды оқып, жазарымды жазып жатқан жайым бар. Ал, шынымды айтсам, сол журналистерін болсын, жазушыларың болсын, қай-қайсынан да кем түспейтініме сенімдімін. Содан кейін бейнелеу өнері туралы да біледі екенсін дедін. Қаншалықты білетінімді білмеймін, бірақ, ол туралы да анда-санда оқып-жазып қоятыным рас. Ағам Марат көзін жұмып тұрып-ақ сала беретін нағыз суретші еді. Кішкентай кезімде сол ағамның өнеріне қызығып, өзім де сурет салумен әуестене бастадым. Кейін ер жетіп, есейгеннен кейін де суретке деген құмарлығым арта түспесе кеміген жоқ. Енді міне, қартайған шағымда да сол сурет деген ғажайып дүниеден алыс кете алмай, ерекше суретшілер мен ерекше туындыларын өз шығармаларыма эстетикалық арқау етіп алып жүрген жайым бар. Мақтанды деме, өз еңбектерімде өнердің тағы бір керемет түрі—музыкаға да кеңінен орын беруге тырысамын. Поэзия, музыка, көркем сурет-бұлар бірін-бірі толықтырып қана қоймай, әрлендіре-нәрлендіре де түсетін өнердің нағыз жаухарлары ғой..

«Ал, ендеше! Музыка! Бұл қалай есіме келмеген? Сүрінген жерім осы шығар...»

- Ал, әлгі прозалық көркем дүниеге келсек, оны да жазғам. Студент кезімде..

«Ух, бір сынақтан, бір сұрақтан аман қалдым-ау..»





Дулат атадан үйренерім көп



Дүкең жазғанын газетке салуға кеңесуде



Ауданның зиялы қауымдары арасында



Дулат аға жазу үстінде




Ауданға облыс әкімі келген сәтінде



Облыс әкімі ауданның зиялы қауым өкілдерін қабылдады

- Армиян халқының ұлттық ғұрып-салты мен байсалдылығы, сабырлылығы сөз болатын «Қос шынар» атты әңгімем 1956 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көріп, сыншылардың жап-жақсы бағасын алды. Одан басқа біраз әңгімелерім де сол кездері әр түрлі баспасөз беттерінде жарияланды. Ал, алдағы кезде прозалық көркем дүние жазамын ба, жазбаймын ба, оны білмеймін, алайда, мен прозаны өнердің нағыз жаухары-поэзиядан биік қоя алмаймын. Мен үшін поэзияның орны тіптен бөлек. Енді, алдағы жоспарымды, «мені жаз, мені жаз» деп түрткілеген мәселелерді айтсам, оның қарамы да әжептеуір болып тұр. Солардың ішінен басты-басты деген үш-төрт мәселені сөз ете кетейін. Біріншісі: Осы уақытқа дейін өзім зерттеп, жазып жүрген тарихи тұлға-Шашты Әзіз әулие туралы пьеса жазсам деймін. Әзіз бабаның дүниеге келуі, жастық шағы сондай-ақ қазақ эпостарында көп айтылатын танымал тұлғаға айналған кезеңі көрініс табатын бұл пьесамда қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүріне де көбірек орын беруді жоспарлап отырмын. Одан кейінгісі, ауданымыздағы жер асты қазба байлықтары, олардың қоры, өндірілу жайы сонымен бірге экологиялық жағдай да сөз болатын «Құт дарыған өлке» атты деректі танымдық кітап жазып жатырмын. Қазақ, орыс, ағылшын тілінде жазылып жатқан бұл кітабымды да Құдай қаласа, таяу арада аяқтап қалармын деп отырмын. Тағы бір үлкен олжам ел жер асып, мұрағаттарды ақтарып жүріп, «Өкпек жел» атты дилогиямның бірінші кітабы - «Қайсар» романын жазып бітірдім. «Мизам шуағы» атты жыр жинағым мен «Ақжауын ой, сергек сын» атты сын мақалалар жинағым да соңғы нүктесі қойылып, баспаға әзір тұр. Жақында ғана балаларға арналған эстетикалық танымға құрылған «Көркем тану сабақтары» атты кітабымды жазуды қолға алдым. Өзін айтқандай «мені жаз, мені жаз» деп түрткілеген басқа мәселелер де аз емес. Ия, балам, осылайша жазатын нәрсе көп, уақыт шіркін аз боп тұр ғой. Жасым болса сексеннің сеңгіріне шықты. Денсаулығым да соңғы кезде көбірек шағымданатын болып жүр. Әйтсе де жаңағы өзің айтқандай



ақыл-сезімнің иесі болғасын, ойлай алғасын, қолыма қалам ұстай алғасын ішімдегінін бәрін қағаз бетіне жазып кетсем деймін. Алла қаласа, өмір берсе, қолымнан қаламым түсіп қалғанша жаза да беремін. Тек, осы уақытқа дейін жазғандарым да, бұдан кейіні жазатын дүниелерім де елеспескерусіз қалып кетпей, келешек ұрпақтың бір кәдесіне жараса, о дүниеде де арманым болмас еді.

- О не дегеніңіз, Дүке. Сіз бар рухани жақсыңызды халыққа бердіңіз. Беріп те келесіз. «Көп бейнеттің бір зейнеті бар» дегендей, ерте ме, кеш пе, халық та сіздің еңбегіңізді бағалайтын болады. Өз басым оған кәміл сенемін. Дүке, менің жұмысқа баратын уақытым да болып қалыпты. Рұқсат болса енді мен тұрайын.

- Балам-ау, отырып-отырып тамаққа қарамай кетпекпісің. Апаң дастарханын жайып, екеумізді күтіп отыр ғой.

- Дүке, ниетіңізге рахмет. Бір тығыз шаруам бар еді. Ал, тамаққа келсек, ол жай ғана нәпсілік қажеттіліктің бірі ғой.. Ал, мен бүгін сізден қарныма емес, жаныма нәр беретін рухани қажеттіліктерді алып барамын. Сол үшін сізге үлкен рахмет! Сау болыңыз, Дүке.

- Саған да рахмет, балам. Өзің де аман бол. Қолың қалт еткенде осылай келіп тұр.

- Әрине, Дүке, келемін. Әлі көп келемін..

«Әрине, келемін. Сұқбаттасам деген адамға Дүкең секілді көргені де, білгені де, жазғаны да көп көне көз қабырғалы қартпен жүзбе-жүз отырып әңгімелесу нағыз ғанибет емес пе. Ал, зерттеп-зерделеймін деген талапкерге бүкіл ғұмырын оқумен, ізденумен, жазумен өткізіп келе жатқан Дүкеңнің жиған-терген әдеби мұрасы жетіп артылатынына күмәнім жоқ. Тек, білімді де білікті, байыпты да парасатты, өз ісіне жетік зерттеушісіне кезіксің..»

*Байділда Айдарбеков,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*



Әдебиетші, ақын Дулат Тұрантегінің шығармашылығы жайлы сыр

Иә, сонымен қаламдас аға жайлы ой толғау, сыр шерту оның болмысына талдау жасау, онын ішкі әдеби лабораториясына ену екінің бірінің қолынан келе бермейтіні кәдік. Ал базбіреулердің талайларды таңдай қақтыратын тарланбоз тума таланттың жарық етіп, шоғыр жұлдыздай жарқырап тұрған дүниесі-баспадан шыққан басылымы жоқ қой (Дулат Тұрантегінің 1990 жылға дейін кітабы шыққан жоқ еді), оның сөз зергері екенін қайдан бағамдаймыз, деп сәуегей айтып пәлсапасын алдымызға көлденең тартушылардын да болғаны рас.

Қиыстыру қиын емес ақынға,

Ойды өмірге түйістіру қиын-ақ.

Қаламдастар ойлан кәрі, жасың да,

Құба құрғақ кете бермей құйындап, -деп ақын Асқар айтқандай сүренсіз, суретсіз, ғұмырында «жылт еткеннен құр қалмайтын» бор кемік шығармаларын онды солды оқырмандарға орынсыз тықпалай беретіндердің бетіне айтып, әріптестерінің өкпесіне қалып жататыны тағы бар. Сыпайы, салмақты санасынан ізгіліктің нұры шашып тұратын Дүкен жайлы жазу ол кісімен бір бөлімде сегіз жыл екі ай қызмет істеген мен үшін қиын еді.

Екінші бір жағынан күнделікті көріп жүрген замандасың жайлы арзанқол дүние жаза салу кімге болса да «тисе терекке тимесе бұтаққа» деп әйтеуір көңілі қалмасыншы деп жүрегінді сыздатып тер төкпей шығармашылығына баға беру қиянат болары хақ.

Сондықтан да оның бойындағы тылсым сырларды танып білу, қатпар-қатпар қиюы қалың орамы толық ой сезімдерін оқып, оқырманға жеткізу екінің бірінің қолынан келе бермейтін шаруа. Ол- азамат. Ол-ақын. Ол-тарихшы. Ол-әлгі бір сөзіміздің этимологиясын әріден іздейтін зерттеуші, аудармашы. Әлемдік

аренадағы әдебиетшілердің қыр сырын жайып салатын әдебиеттану ғылымының білгірі. Өзіндік стилі бар жазушы.

Қарымы мол қаламдас, арыны күшті ақиық ақын аға жайлы онымен бірге қызмет істеген жылдары кейбір сәттер ойға орала береді.

Осыдан біраз жыл бұрын бүкіләлемдік рекордтар астанасы аталған Қаратау тәжі-Кентау жерасты қойнауындағы шапшаң проходкалаудағы іс тәжірибелерін насихаттауда мадиярлар елінде болғаным бар. Күндізгі жұмыстардан қол босап кешқұрым Венгер Халық республикасының астанасы Будапештің мәдени демалыс орындарын араладық.

Тас тұғырдағы Шандор Пётефидің ескерткішінің алдында «Вокруг света» журналының бас редакторы В.Никоновпен бие сауым уақыттай тұрып қалдық. Бір кезде ол. «Есенбек, сен Пётефидің өлеңдерін оқыдың ба?» деп сұрады. Мен «оқыдым, керемет екен» дедім. Ол «мен Сізден өзіңіздің ана тіліңізде оқыдыңыз ба, деп сұрап тұрмын» деді. Мен қысылдым. Өзімнің ана тілімде оқымағанымды жасырмай айттым. Бірақ ойға қалып ойланып қалдым.

Сол жолы тәржімашы Янош есімді жігіттің үйінде болғанда да әкесі Будапештегі Университеттің кафедра меңгерушісі, ғылым докторы ал анасы өнертану ғылымының маманы (есімдері есімде қалмапты) Шандор Пётефи өлеңдері жайлы айызынды қандыра айтып, кейбір тұстарын жатқа айтып отырды. Мен тағы да үнсіз отыра беруге шыдас бермей ұлы Абай өлеңдерін қазақ тілінде оқып бердім.

Елге келген соң күнделікті күйбең тірлікпен венгр ақынның ана тіліміздегі туындысын қараудың реті келмей, сәті түспеді. 1976 жылдың маусым айында Созақ аудандық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Дулат Тұрантегінің орнына уақытша қызмет істеуге тура келді. «Есенбек, қажетті құжаттар мен тиісті қағаздарды жазу столының үстіне қойып кеттім» деп ол кісі демалысқа шықты. Стол үстіндегі қағаздарды ашып қарасам (қуанғанымда шек жоқ) Шандор Пётефидің Дулат аударған қазақ тіліндегі өлеңін оқыдым.



Қайран жастық...
 Жастық шақ — от құйын!
 Қолында топ гүлдің
 Сен зой. Жүйткітіп өтесің
 Біздерге гүл сыйлап кетесің.
 Әп-сәтте тағы да
 Аласың гүл таңдап
 Онан соң — жым-жылас жоқ болдың!
 Қараймыз жаутаңдап.
 Жөнедің қайырылмай бұлтаңдап
 Отырмыз өкпелеп бұртаңдап.
 «Сені осы шынымен басымнан кешіппе ем?»
 Жоқ әлде
 Түс болып көрініп
 Артынан тез өшіп пе ең?

Жиырма төрт жасымда мадиярлар елінде ұлы ақынның ескерткіші түбінде осы өлеңді оқығанымда әлгі бас редактор В.Никоновты ұтып кеткен болар едім деп ой түбіне шомдым.

Публицистиканың хас шебері сексеннің сеңгірінен асқан Дулат Тұрантегі орта мектепті бітірген соң, Алматыдағы мемлекеттік Абай атындағы педагогикалық институттың тіл-әдебиет факультетіне оқуға түсті. 1957-жылы Созақ ауданының «Жуантөбе», «Шолаққорған» орта Созақ мектептерінде мұғалім. 1959-1962-жылдары Созақ аудандық комсомол комитетінің қызметінде бөлім меңгерушісі, бірінші хатшы. 1962-64-жылдары Алматы жоғары партия мектебінде оқыды. Ізденуші ретінде философиядан кандидаттық емтихан тапсырды. Тұрмыс жағдайына байланысты елге оралды. 1964-1994-жылдары партия қызметінде. Шығармашылықпен студенттік кезінен айналыса бастады. Алғашқы өлеңдері 1955-жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде, 1956-58-жылдары «Жұлдыз» журналында жарияланды. Әлемнің классик ақындарының озық үлгілерін (Гете, Шиллер, Гейне, Гюго, Петефи, Тагор, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Фет, Тютчев, Есенин, Блок, Пастернак, О. Мандельштам, Р.Гамзатов А.Вознесенский, Р.Рождественский, В.Высоцкий т.б.) аудармалар жасады. Бұл тәржімалары осы күндері «Әлем әдебиеті» журналында жарық көріп келеді.

Көркем шығармаға аса қатан талап тұрғысынан қарайды. Сол үшін баспаға өзі жазғандарын орынды-орынсыз тықпалай



бермейді. Тәкен Әлімқұлов, Төлеген Тоқбергенов, Асқар Сүлейменов, Керімбек Сыздықов сияқты айтулы қаламгерлермен, әдебиет өнер корифейлерімен пікір таластарға түсіп, көп сұхбаттасатын

Алғашқы жыр жинағы 1994-жылы «Көкейтесті» деген атпен кейінірек жарық көрді. Ақын өз өлеңдерінің аса бейнелі, өрнекті болғанына қатты мән береді. Ол табиғат туралы жазып отыр екен десеңіз сол өлеңнің әдемі табиғат суретімен ғана шектеліп қалмай, сұлу көріністі адамның ішкі жан дүниесімен астастырып жіберіп, күтпеген жерден философиялық терең ой түйіп кететін ерекшеліктері бар. «Күз» деген өлеңінде:

Құстар кеткен бетке алып қияларды,

Мұңаяды баяу ойлап жиі оларды.

Кәрі бұтақ тарамыс қолдарымен

Көтеріп тұр құлатпай ұяларды - деп ұрпақтар сабақтастығын, атаның өз ұрпағына деген қамқорлығын бейнелеген астарлы ой тастайды. Немесе, «Бақшада» деген өлеңінде:

Бақшаң осы, шалқыған етегі егін,

Көк дөненмен көсілтіп кетер едім.

Жүгері-келіншектер қоршап алған

Көтеріп құндақтаулы бөпелерін., – деп ойнақы да, әдемі суреті тың, ешкімде кездеспейтін бейнелі сөз оралымымен көңілді селт еткізеді. Дулат өлеңдерінде айналаны қоршаған табиғатымыздың сұлулығын жырлаумен қатар оны қорғауға арналған жанашырлық танытатын өлеңдері де баршылық.

«Уақытты сезіну» топтамасында

Тікұшақ кетті масайрап, мақтан ғып «жеңісін»,

Сыпырып алғандай бетпақтың бір қабат терісін.

–деп ақбөкендердің аяусыз қырғынға ұшырау жағдайын жырға қосады. Ақын өлең жазуды «бейнелі ойлау» деп түсініп, әрдәйім осы көркемдік кредосынан айнымаған.

Өлең жаза жүріп, жергілікті тарихқа да ден қояды. Әдебиет сыны мен де айналысып келеді. 1996-жылы «Баба Түкті Шашты Әзіз», 1997-жылы «Шоғырдағы жарық жұлдыз» (С.Қожанов жәйлі), «Қайран қарттарым» (поэма), «Сыншы,



ғалым Р.Бердібай», - әдеби портрет, « Асқар әлемі» , «Сыншы Т.Токбергенов» эссе- сын кітаптарын (2004 ж.), «Егер мен сыншы болсам», «Талғам таразысы» сияқты күрделі мақалалар жазды.(2013- 2014 жылдар, мерзімді баспасөздерде)

«Жандауыс» (поэмалар жинағы- 1937-38 жылғы қуғын-сүргін тақырыбына), 1998-жылы «Тарихи тұғыр» (бірлесіп жазылған- Созақ ауданының тарихы), 1999-жылы «Ысқақ баб» (тарихи зерттеу исламның қазақ даласына келу тарихының очерктері), 2003-жылы «Көне де жаңа Созақ» (публицистика-альбом), 2004-жылы «Асқар әлемі», «Сыншы Т.Токбергенов», «Бесін ауып барады» (өлеңдер жинағы), 2005-жылы «Біз жауынгерлік парызды өтедік», 2006-жылы «Тарихтын таң шапағы»-(Баба түкті Шашты Әзіз туралы), 2008 жылы «Тарихы терең ..», -Созақ ауданының тарихы, 2009 жылы «Бак жұлдызы жоғары» эссе-роман кітаптарын оқырман жылы қабылдады. Дулат шығармаларын кезінде белгілі ғалымдар –Р.Бердібай,Н. Ғабдуллин, Т.Кәкішевтер оң бағаласа, сыншылар К.Сыздықов, З. Серікқалиев, Т. Токбергеновтер кітаптарына алғы сөз жазып, жақсы пікірлер айтқан.

Мәселен, профессор ғалым Н.Ғабдуллин Дулаттың «Сыншы, ғалым-Рахманқұл Бердібай» деген әдеби портрет кітабы туралы алғы сөз жазып онда: «.. Бұл еңбегінде Дулат Тұрантегінің тағы бір қырынан танытқандай. Ол бұл туындысында маман зерттеуші ретінде атқаратын іске қол артқан... Бұл еңбекте тек қазақ әдебиеті ғана емес, әлем әдебиетінің қазынасынан хабары мол, талғамы биік зерделі оқырманның адал лебізі деп қараған абзал..» деп, үлкен ғылыми баға берген.

Ал белгілі сыншы «Алаш» сыйлығының лауреаты Зейнолла Серікқалиев Дулаттың «Жандауыс» поэмалар жинағына енген шығармаларды талдай келіп, кітапқа алғы сөз жазған.Бұл кітапта «Дала бүркіті, қоңыр ұл», күйші Сүгір туралы «Күйші-Қызыр», «Атабай сақы» т.б. поэмалары енген болатын. Сарабдал сыншы Зейнолла кітапқа алғы сөз жазып былай деген екен.«..Дулат Тұрантегі - Созақ өңірінде жастайынан жауапты қызметтерге белсене араласып, өз парызын абыроймен атқарап келе жатқан, өмірдің өзінен оқып, әрлі-берлі рухани асыл қазыналарды өз бетінше іздене жүріп білімін байытқан зиялы азаматтардың бірі. Тағдырдың бізге берген сыйы – Төлеген Токбергенов, Асқар



Сүлейменов сияқты күні кешеге дейін тіршілік қызығын бірге бөліскен аяулы арыстардын жүрегімен, жанымен баяғыда –ақ Дулаттың тұла бойында тұнған көмбенің ерте ме, кеш пе әйтеуір бір ашылатынын, күн көзіне көрінетінін сезгенмін. Алысқа шабар сәйгүліктің сырын сақтар сәтінің де шегі болады.Тума талант қауызын жарды..» («Жас Алаш» газеті, 3- наурыз, 1993 жыл) Бұдан басқа да белгілі қаламгерлер Дулат Тұрантегінің шығармашылығы жайлы көптеген ойлы пікірлер айтқан. Біз оларды қазір айтпай-ақ қояйық. Тек академик Рахманқұл ағаның Дулаттың білімділігіне тәнті болып, «менің әріптесім» деген бағасын айтсақ та жеткілікті болар.

Дулат Тұрантегі таланты әдебиеттің барлық жанрында көрініс тапқан.Ол «Ит терісі», «Тарғыл тастардың көз жасы» тағы бірнеше бір актылы драмалық шығармалар да жазған. Бұл тарихи драмаларында әйгілі Созақ көтерілісі, Саяси қуғын- сүргін зобалаңдарындағы оқиғалар шығармаларына арқау болған. Оның біразы жергілікті халық театрында сахналанған. Қаламгер азамат соңғы кездерде де жасынын ұлғайғанына қарамай өнімді еңбек етіп, аса өзекті, қоғамымыздағы зәру тақырыптарға қалам тербеп, әдеби сын, публицистикалық мақалалар жазып келеді. Тарихқа белгілі Созақ көтерілісі жайындағы деректі хикаяттары да осы соңғы кезде жарық көрді. Оларды «Жұлдыз», «Ақиқат», «Қазығұрт», «Әлем әдебиеті» журналдарының соңғы 3-4 жылдардағы сандарынан кезіктіре аласыздар.

Енді, міне, көп жылдық зерттеу жұмыстарының нәтижесі сияқты «Созақ» атты көлемді тарихи-танымдық еңбегін ұсынып отыр. Оны Астанадағы «Фолиант» баспасы шартқа отырып, жарыққа шығаруды міндетіне алған. Бұл еңбегінде түү сонау есте жоқ көне замандардан бері қарай қазақ тарихымен байланыстырып Созақ тарихын, ондағы өмір сүрген өнер адамдары, шежіре жұлгелерін, қазақ эпостарындағы белгілі кейіпкерлер – Бабай Түкті Шашты Әзіз, Ысқақ баб, Қарабура әулиелер, өнер адамдары, осы өңірде-Құмкент шаһарында дүниеге келген Едіге сияқты батырлар туралы және ауданның бүгінгі тұрмыс тіршілігі жайлы терең де салихалы, сындарлы сөз қозғап, тебірене сыр шертеді. Бұл шығарманы біз қолжазба күйінен оқып, танып, тәп- тәуір шағын энциклопедия деп атауға болады деген қорытындыға келіп отырмыз.



Дулат ағамыздың жекелеген әңгіме –очерктері, айтулы, ел құрметіне бөленген теріскей азаматтары жайлы, Ұлы Отан соғысында майдан даласында ерлік көрсеткен ардагерлер туралы жазған шығармалары әр түрлі, әр кезеңдерде шыққан ұжымдық жинақтарға енген.

Күні бүгінгі кезде Д.Тұрантегінің «Ой кешу» атты публицистикалық, әдбиет сынының қазіргі өзекті мәселелеріне арналған мақалалар жинағы, Әлем ақындарының озық үлгілерінен жасаған аудармалар Антологиясы, соңғы жылдары жазған өлеңдері - *«Мизам шуағы»*, туған өлкенің жеті қат жер астындағы қазба байлықтары, оның қоры, бұрынғысы мен қазіргі өндірілуі жайлы зерттеген *«Құт дарыған өлке»* кітабы бүкіл Сарысу-Шу алқабы деп аталатын жер қойнауы байлығына тұнып тұрған аймақтағы қазба байлықтары жайлы деректі танымдық кітабы қазақ,орыс, ағылшын тілінде жазылып жарыққа шығуға демеушілік күтіп тұрған жайы бар. Жалпы Дулат ағанын осы кезге дейін 21 кітабы жарық көріпті. Ал, баспагерлер мен демеушілердің жомарт пейілдерін күтіп жарық көрмей жатқан дүниелері қаншама?!

Д.Тұрантегінің есімі «Республиканың атақты азаматтары » кітабына енген (20-том, 2014). Ақын, аудармашы, әдебиет сыншысы, тарих зерттеушісі Дулат Тұрантегі жайлы шығармашылық лабораториясына кең көлемде талдау жасау алдағы уақыттың еншісінде, ал біз жазған оның қысқаша шығармашылығы осындай.

*Есенбек КЕНЖЕҒАРАЕВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі*



Армысың, арман қала?!

Таң алакеуімнен оянған әкім көлігін шақырып, кеңсе алдына жеткенде акимат ғимараты алдындағы алаңға өзгелер де қараңқұран әр жақтан жинала бастапты. Ауданға жаңа келген әкім өзге де қыруар шаруаларының арасында ауыл ақсақалдарымен кездесуді жауапты жұмыстарының бірінен санаған. Ел жағдайын, жер жағдайын осы қариялардан артық ешкім де білмейді. Салыхан Полатов Созақ ауданына әкімдік қызметке ауысып келгелі көп болған жоқ, бірер айдың ғана жүзі. Қариялармен болған сұхбатында анық аңғарғаны – негізінен ел есін жиыпты, Тәуелсіздіктің 26 жылында бәрі жаңарып үлгерген. Бұрынғыдай әркім өз басының күйтін айтып, анау жоқ, мынау жоқ деп жатпады, бәрінің айтатыны ел қамы, баланы білімге, кәсіпке ұмтылдыру, көптің ісі, ауылдың көркею жолдары. Иә-ә, қария деген қазына. Айтпақшы, осы елді ел етіп, осы күнге жеткізгендер де дәл осы ардагерлер ғой. Алдыңғы толқын – Ұлы Отан соғысының ардагерлері өтіп кетті Олар өз парызын өтеген, бұл енді жаңа ұрпақ, әлгілердің немерелері. Бұлар бәрі дерлік оқыған заманына лайық білім алған, сөйтіп осы елдің тұтқасын көп жыл қолдарына ұстаған айтулы азаматтар. Бірі совхозға директор болған, бірі, саяси жұмыста, көпшілігі шаруашылықтың шешуші салаларын басқарған айтулы мамандар, арасында ауданды басқарған жауапты жұмыстарда болғандар д баршылық . Міне мына өзімен осы шара туралы көп ақылдасып, қарияларды Астанаға сапарға аттандырайық деп жар құлағы жастыққа тимей жүрген ардагерлер ұйымының аудандағы басшысы Қабылбек Еспенбетов көп жыл аудан әкімінің бірінші орынбасары болған азамат. Мейлінше адал, мейлінше іске берілген деген аты да кең тараған. Осы жағдайларды ой слегінен өткізген әкім өндіріс орындары басшыларына емеурін білдіргенде олардың кез келгені қариялардан аянар ештеңеміз жоқ, демесушілік етуге дайынбыз дескен. Міне енді сол ойлары жүзеге асқандай болып ауданның әр ауылынан жұртшылықтың өз ұсыныстары бойынша екі-үш





ардагерді іріктеп, барлығы 40 қарияны жолға, Астанаға, ЭКСПО - 2017 ге аттандырмақ, бұларға қызмет ететін, дәрігерлері, әлеуметтік бөлімнен қамқоршылық жасайтын жігіттер, шаруашылық (ас-су, басқа да қажеттіліктер мен айналысатындар) жағы да ескерілген. Онда барған соң күнінді біреулерге қаратпасын деп, алдын ала Астанаға арнайы адам жіберіп жатын орын, демалыс-тамақ жағы бәрі қарастырылған. Сонымен аудан әкімінің өзі сәт сапар тілеп, ауыл ақсақалдарын Ел жүрегі Астанаға шығарып салған жағдай болды. Бұл облыста бірінші болып ұйымдастырылған қайырымды шара болатын. Рас, оңтүстік өлкеде жомарт жандардың қамқорлығымен мұндай қайырымдылық шаралар аз болмаған. Бұдан бұрын оқушылардың, жастардың алғашқы топтары Астана халықаралық көрмесіне барып қайтқанына көпшілік құлағдар. ЭКСПО-ға деп арнайы жасқталған 236 - шы пойыз қазақтың Ұлы даласын түстіктен Сары-Арқа төріне қарай алып ұшып мерзімді тәулігінде діттеген жерімізге аман-есен жеткізген еді. Жол-жөнекей қиыр шеті алыстағы сағыммен астасып еркін көсіліп жатқан жазираны тамашалап, еріксіз көне гректер айтатын тарих періште-музасы Кио қанатын желпіп ойға жетелейді. Сапар шексең, ер серігі сергек ой деген. Осындай жылы ойлар құшағында бірінші шілде күні таңертең Астанаға да келіп жеттік. Әсем де осы заманғы талғамға сай бой көтерген алып қалада 152 қонақ үйі бола тұрса да, мұнда қазір келушілердің көптігі соншалық солардың біреуі де бос емес көрінеді. Бізге қаланың шетіне қарай орналасқан «Бақыт» қонақ үйі бұйырған екен. Тез орналасып абыл-ғұбыл таңғы асымызды ішіп, арнайы автобуспен сапарға шықтық. Жолсерігіміз болып Мәдина атты қыз бекітіліпті. Аса білікті, жоғары интеллект иесі екені көрініп тұр, таза қазақша сөйлейді. Арман қаланы бұрын көргендер бар, көрмегендер бар ендігі мәселе ынтыға күткен үлкен көрмеге тезірек жетіп тамашалау. Барғанша гид қызымыз көп нәрседен хабар беріп, қаланың тарихы мен бүгінгі жағдайынан әжептәуір хабардар етіп отырды.



1 - Экспо әсерлері

Есілдің сол жағалауында қанатын кең көсілген әсем қалашық алыстан алып шарымен көз тартады. Кіре берісінің өзінде қалың автобустар мен сансыз көліктер..Көлігімізді қалдырып ішке қарай бет алғанда байқағанмыз ұзыннан ұзақ шұбатылған кезек. Адам тым көп екен. Жігіттер жүгіріп жүріп сол қалың өшіреттен қариялар кеп қалып еді, олардың аяқтарынан тік тұрып кезек күтуге шамасы жоқ деп кезексіз кірудің ретін келтірді.

Ең алдымен әрине, есіл-дертіміз Қазақстанның павильоны «Нұр-Әлем» болды. Мұнда да әжептәуір кезек бар екен. Топ-топ болып бөлініп белгілі жерде бәлен уақытта кездесетін болып уәделесіп керемет ғимаратты аралауға кірістік. Бәрі де 8 қабаттан бастағанды жөн көреді екен. Біз де солай етік. Лифтің кезегі келгенде әп-сәтте сыр етіп ғарыш әлеміне араластық та кеттік. Ғажап көріністер, тілмен айтып жеткізу қиын. Тек көкірекке түйіп, санаға сақтауға тырысу керек. Ұшы қиыры жоқ шексіз ғарыш. Орайы келсе әп-сәтте жұтып жіберуге дайын. Космостың сол бір түпсіз тереңінде біздің ғалам шар өз орнын тапқан. Үлкен әлем алып ғарыш пен кіші әлем адам көкірек аясы белгісіз, көзге көрінбес жіппен байланысып тұр. Әлем толы нұр, әлем толы қуат. Алып сфера бәрін шандып тастағандай. Осы тұста әркім өз көкірек аясын қаузап, тылсымның сырына үңілгісі келетіндей.. «Бәрі де көзге көрінбес жіптер мен байланысып кеткен, бүкіл әлем де, оның титімдей бір тозаңы іспетті кішкене денелер де өз ара байланыста бұларды жібермей тұрған жалғыз ғана күш – ол – Қуат» деген әйгілі физик Макс Планктің сөзі еске түседі. Иә, сфера толы Қуат. Адамзат ойы мұны да меңгере бастаған. Меңгеріп алған деуге әлі ертерек.. Сол қуат көзін меңгеруге арналған айтулы көрменін де ұшқыр ойы алыста Адамзат баласының болашақ энергиясы қандай болмақ? Бүкіл адамзат арман-ойын қозғайтын аса зәру сұрақтар..Жаратқан Иеміздің шеберлігінде шек жоқ екеніне осы жолы тағы да бір көз



жеткізгендей болдық. Сәт сайын жарылыстар, сәт сайын тылсым қосылыстар. Осы екі арада пайда болған алапат қуа көзі алып ғаламшарлар мен титімдей атом бөлшегінде буырқанып кернеп, тасып төгілуде. Ал, пайдалан, игілігіңе жарат деп төбеде Ұлы жаратушы тұр.. санаға салмақ салынған. Адамзат өз санасын, біліміне, ақыл-ес қабілетін жұмсай алуы ғана шарт.. Қазақстан көрмесінің 8-ші қабатындағы ғарыштық санаға телінген ойлар әлі де жұтандау.. Әйтсе де күннің, желдің, судың қуатын адамзаттың игілігіне пайдаланудың барлық алғы шарттары осында меңзеліп, осында жүзеге аса бастау мүмкіндіктері қарастырылған. Қабаттан қабат төмен түсе бастасаңыз осы қиялдан туған, кейін реалды шындыққа айналған ғылым негіздері бұл күндері адам қолындағы тізгінмен басқарылып кәдеге асып жатқанын көзбен көріп көңіл тоқтатуыңның өзі бір ғанибет. Әйтсе де осы тұста көңілге жылылық ұялатып, санаңда мақтаныш сезімін оятатын бір нәрсе ол – осы ғылым жетістігінің негізінің қалануы біздің Ұлы далада Қазақ жерінде бастау алғандығы Сонау 9 ғасырды жерлесіміз Әбу Насыр – әл Фараби Оңтүстік өлкеде, Отырар жерінде сфера деген алғашқы ұылыми терминді айтып, бүкіл әлем нұрға толы деген жаңалығын ашқан Осыдан Оптика, Фокус ұғымдары дүниеге келіп көптеген ғылымдардың бастау көзі бұлағынын көзін ашқан жағдай болған. Сондықтан да бүгінгі мынау «Нұр-Әлемнің» Фараби бабамыз ашқан бүкіл әлем Алланың нұрына толып тұр деген қағидасымен тікелей байланысып тұр. Бұл да бір мақтанышымыз десе болғандай. Иә, ғарыш әлем толы қуат көздері. Теңіздің толқынында мына жұтып тұрған ауаңның өзінде (НТесла), әйгілі Эйнштейннің салыстырмалы теориясындағы Қуат өлшеміндегі масса мен сәуленің көбейтіндісіндегі квадрат формуласы бүгінгі Жапондардың топшылауынша ол сәуле емес. Ол – ол сана болуы ықтимал дегенінде жан бар сияқты. Қуат көзі сана болғанда ең алғаш КәлӘм жаратылған деген сөзіне лайық біздер Алла тағалаға тікелей жақындай түсетіндейміз. 8 қабатан түсіп келе жатып осындай ойлар құшағында болғанымыз анық. Осы тұста



ақындар да ойға орала кетеді, өйткені бұл бір шабытты шақ. Бүкіл тұла бойыңды ой билеп алған. Жылжып бара жатқан уақытты бір қас қағымға кідірте алған ақын нағыз шебер десе болатындай әзірше ондай керемет шедеврді біле алмай тұрмын дегенмен:

*«Ғайыптан тылсым сырғанап,
Түскен ақ моншақ.
Жұмыртқа ғарыш жарылды, көкте алаңсыз.
Қып-қызыл шаңнан шашалып,
Үшқан алшақтап Жайылды шетке
бейкүнә Ғалам —түз.
Көкжиек кесіп кіндігін
Күннің қанатты Қарсы алды оны
атпаған бұрын Таң үнсіз.»*

Бұл осы күнгі жас ақындардың бірі Ақберен Елгезектің космос жайындағы, дүниенің жаратылуының бір сәті туралы жазғаны. Осы тұста өлеңнің ойға оралуының реті бар ма, жоқ па? Әзірше ғарыш туралы ақындардың тебіренісі әлі алда ғой деп ойлаймын. Иә, ғарышта жұмыртқа жарылса, әлемде қуат көзі арта түседі. Төменге түсіп бірінші қабатты одан әрі тамашалап келеміз. Қазақ тарихының қилы кезеңдері, әйтсе де сарынын, өзегін жоғалтпаған ұлы дала «Тарих дегеніміз рух қозғалысының баяны» депті ғой диалектиканың атасы. Шығыс қапталдың бір пұшпағынан «Казатомпромның» көрме залына кезіктік. Түсіндіруші ақ тер, көк тер болып атом өндірісі, уран өндіру тәсілдері мен жолдары туралы айтып жатыр. Байқаймыз, бізге етене таныс әңгіме.. Айтпақшы, осы көрмеге біздер облыс әкімінің мақұлдауымен екі-үш кітап ала келіп экспонат санатына қосқан жайымыз бар еді. «Құт дарыған өлке» бұл қазақ, орыс, ағылшын тілінде жазылған көп жері Созақ ауданына қарасты, ғылыми тілде «Сарысу-Шу» аймағы деп аталатын қазақстанның жер асты байлығы туралы кітап болатын. Гид сөзі біз жазған



кітаптағы сөздерден онша алшақ емес екеніне көз жетіп көңіл едәуір марқайып қалған жағдай болды. Экспоны тамашалау таңғы сағат 10 -нан күндізгі 3- ке дейін ұласты. Көп қария әбден титықтап шаршап қалды. Сонда да болса көрсем, аралай берсем дегел көкдөнен көңіл байыз табар емес. Кейбір пысықай, ширақ қариялар осы уақытта басқа елдің де көрмелеріне бас сұғып аздықөпті мағлұмат алып қайтыпты. Біздер бірінші қабатта дем алып отырып, көрген білгеннен ой қорытып отырғанымызда жанымызға орта жастардан асып кеткен ерлі- зайыпты екі азамат келіп дем алып отырды. Байқаймын түр - түсі қазаққа келгенімен әйтеуір бір көзге көрінбес, айтуға тағы келмейтін, белгісіз бір түйсікпен ғана сезетін «әй, дәу де болса біздікі емес, шетелдің адамдары болар» деген ой келді. Ойлағанымыз сол еді, әлгілер таяу келіп, -- ағасы таныс болайық, біз қытай қазақтары едік, атым Төлеухан, ия Тілеуберді ұлы болам, мына кісі зайыбым, осында көрмені тамашалауға келіп едік алған әсерімізді қалай жеткізсем деп риза болып отырмыз-деді.

- Алда айналайындар-ай, үзілген бір жұлынымыз екенсіңдер-ау, хош келіпсіздер! - деп бейіл білдіріп жатырмыз. - Анда өр Алтайдан Қытай мен Монғолдын шекаралас аумағында тұрамыз. Мына көрмеге, өзіміздің қазағымыздың жеткен жетістіктеріне дән ризамыз, құтты болсын, сол, әсерімізді бөлісіп жатқанымыз ғой.»-деді. Біз осылайша қаумаласып жатқанда біздердің қазақша сөздерімізге басқа да адамдар құлақ түріп қалыпты.

- Биз эуропа, Бельгия - деді біреу тілін қазақшаға сындырып, барынша қазақша сөйлеуге тырысып, менің қағаз қалам алып ұялы телефонымды дыбыс жазуға қосқанымды байқап, бізді де жазыңыз, біз өте ризамыз, бәрі жақсы, бәрі о-кей!-деп жатты. Осы тұста бүкіл әлемді мойындатқан Қазақстанымыздың мына жетістігіне біз де бар көңілімізден қуаныш сезімге бөленіп отырғанымызды сөзбен айтып жеткізе алмай қолымызды жүрек тұсына қойып, «Шүкі!, Шүкір!» дей бердік. Иә.. Қазақстанда әлгі жасыл экономикаға көшуге себепші болғандай барлық



жағдайлар бар. Жел де жетеді, күн шуағы жылдын үштен екісіндей уақыт әмәнда жарқырап тұрады. Су ше? Су да жеткілікті. 2050 ге қарай еліміз 50%.

2- «Алжир» лагерінде

Түскі тамақтан кейін, екіндіге қарай айтулы «Алжир» лагеріне жол тарттық Алжир десе әр бір қазақтың жүрегі дір ете түсетіні белгілі. Биыл 80 жыл толып отырған Кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің ең бір шарықтау шегі 1937-38жылдарға келеді. Кеңестік кезеңде шыққан Қазақ ССР энциклопедиясында бұл жайында ештеңе айтылмаған. Бастаушы қыз Мәдина лагерге жеткенше көптеген әңгіменін басын қайырып, едәуір мағлұмат беріп үлгерді. Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған лагерь деп түсіндірілетін қорлық пен жантүршігерлік азап мекемесінің алыстан-ақ сұсы жаман көрінді. Мұнда 5 мың мен 7 мыңның арасында халық жаулары деп аталатын қуғын-сүргін құрбандарының жұбайлары қаза тапқан делінеді. Дәл санын әлі күнге дейін толық айта алмаймыз дейді лагерь жөнінде сөз алған арнаулы гид Әсем атты қыз. Лагерьге таяп келе берісте аспанға, биікке ұмсынған конус тәріздес құрылыс ортасына жете бере шорт кесілген. Бұл болашаққа, көкке ұмтылған үміттің кенеттен үзілуінің символы іспетті. Осы ғимаратта лагерьдің бүкіл тұрмыс тіршілігі арнайы экспонаттарда көрініс тапқан. «Алжир» кейін «Карлаг» деп аталатын сол кездегі саяси басқарманың қарауындағы архипелагтың ең ескі, ең алғашқыларының бірі. Мұнда мыңдаған, миллиондаған жазаксыз адамдар адам төзгісіз қаталдық тәртібіне мойын ұсынып, көбісі өлім құшағына аттандырылған. Лагерьдің алғашқы ашылуына арнаған экспонат жүйкеге қатты әсер етті. 1938 жылдың қақаған қысы..ел жоқ, пана жоқ қар құрсауындағы айдала, айналасын өзен қоршаған, жаяулап жалпылап, қасаң қарды омбылап шұбырып келе жатқан әйелдер легі. Тек аурулары мен аяғы ауырлары, қартаң



тартқандары ғана «полуторка» деп аталатын ашық қорапты машинаға отырғызылған. Алда шағын ғана қамыстан соғылған барақ. Келушілер сонда жатып сығылысып түнемекке қисайысқан. Ертеңіне өздеріне өздері сондай барақ салуға кіріседі. Азнаған суық сүйектен өтетіндей, айнала сым қоршаулар да пайда бола бастаған, ат мінген, қалын тон киген сақшылар, қабаған қасқыр иттер.. Осы көріністен кейін келген әжелеріміздің ішінде жүрегі атқақтап, өздерін мазасыз сезіне бастағандар да кездескені тан қаларлық жағдай емес еді. Одан арғы экспонаттар лагерь өмірін, ондағы адам шыдауға мүмкін емес ауыр қалдер.. Қараңғы, суық, тар, сасық жатын орындар мен жұмыс істейтін, тігіс тігетін қараңғы бөлмелер..жалғыз тілді жылтыраған май шамның жарығымен тапжылмай отырып тігіс тігеді. Енді біреулері малға қарайды. Адам түгіл малға да жем-шөп тапшы. Жаңа туған бұзауларды қарап, аман сақтау керек. Олар мемлекет меншігі. Гид қарындас қатты толқып айтып жатыр.

- Бір жолы бұзауларға қарап тұратын түнгі смена ауысып, жаңадан келген әйелдер не істерін білмей тек бұзауларды құшақтап отырып қалғып кеткен екен. Қас қылғанда үш бұзау таңертең қатып қалыпты. Халық жауларына аяушылық жоқ! Таңертең жұрттың бәрін қатарға тұрғызып, бәрінің көзінше смендегі үш әйелді атып тастайды. Міне, осылайша, азапты күндер айларға ұласып, айлар жылдарға ауысып мерзімді уақыттары таусылғанша жалғасып жатты. Бірінші қабаттан екіншісіне көтеріле берісте қапталдағы қабырғаларда лагерь тұтқындарының сұлбалары салынған суреттер көп нәрседен хабар беретіндей. Түр -түсі таныс Т. Рысқұловтың,Т. Жүргеновтің, М. Жұмабаевтың, С Қожановтың сұлба бейнелері сізге бірдеңе айтқысы келгендей ұмсына түскен. Көргендері әлгіндей азап, тек көз жанарында талмаусырап үміт оты жарқыл қағады. Осы бір тұста қара тасты жарып шыққан қып-қызыл гүл тұр екен. Бұл деген қара ниетті, тас дүниені қалайда жарып шығатын адам жанындағы өршіл рухтың өшпейтінін, әр қашан мына қызыл гүлдей жарыққа, күнге ұмтыла түсетінін меңзейді.



Мұнда тек қазақстандықтар ғана емес, үлкен одақтың басқа республикаларынан да көптеген әйелдер болған. Олар ауыр жағдайға төзе алмай, көбісі шейіт болы кетті.

Көзге ыстық бейненің бірі Сұлтанбек Қожановтың зайыбы Күләнда әжейдің бейнесі. Осында 10 жыл отырып, тағы да лагерь басшылары қосқан 1 жылы бар барлығы 11 жыл отырып қайтқан. Біз ол кісімен жолығып, сұхбаттасқан жағдайымыз бар еді. Бұл 1989 жылдың тамызы болатын. Әжеміз ел-жұртпен қоштасып, бақұлдасқандай болып Сұлтекеңнің туған ауылы Ақсүмбеге барып қайтқан. Сол жолы көптеген әңгімелер айтып Сұлтекең аруағын қадірлеуді ел жұртқа, біздерге аманаттағандай болған еді.

- Лагерь басшылары біздерді былайғы халыққа жексұрын етіп көрсетуге тырысатын. Лагерь мен қазақ ауылдарын өзен бөліп жатады, арғы жақтан адамдар, балалар келіп бізге қарай тас лақтыратын. Мұны көріп лагерь басшылары мәз болатын. «Әне, көрдіндер ме халық сендерді қалай жек көреді!» Ал шынында деп еске алады Күләнда әжей- о лақтырғандары тас емес, құрт болатын. Кәдімгі кептірілген қазақы құрт. Аштықтан бұралып, өзегі талған жандарға бұл құрттардың да әжептәуір талғажау боларлық септігі тигенін айтуымыз керек. Лагерьге кіре берісте үлкен «Қасірет қақпасы» бар. Қара тастан доғаша иіп келген құрылыстың сұсы жаман. Түнеріп төбені жауып, айналасын көмкеріп алған. Одан әрі мұра жайға апаратын аллеяның екі жағы қызыл граниттен куб пішінінде қашалған қалың аза тастар. Онда «эстониялық бауырларыңнан, азапты күндерден құтылып еркіндік мәңгілік жайын ұмытылмасын, топырақтарың торқа болсын», деген мағынада сөздер қашап жазылған. Сол сияқты – украиндықтар, тәжіктер, армяндар, поляктар, немістердің.. көп жұрттардың құлпы тастары қатар түзеген. Ары қарай жүре берсен арсылдаған иттердің, бастықтардың ақырған, жекірген дауыстары еміс – еміс естілетіндей әсерде боласыз. Аруақтарға бағыштап құран аяттарын оқыдық. Тез өйтпеген жағдайда өрекіпген, үрпіген көңіл басылар емес сияқты. Лагерьден ауыр ойларды



арқалап шыққандай болдық. Құрысын! Беті аулақ! Енді мұндай сұмдық қайталанбасын! деп зорға дегенде өз өзіңе келген жағдайды бастан кештік. Лагерден ұзай бере бәрі артта қалсын деген ниетпен Гид қарындасымыз әңгіменің басын қайтадан ЭКСПО-ға аударып, оны толық аралап шығу үшін бірер күн жетпейтінін, өзге елдердің де ұсынған, әкелген жаңалықтары керемет екендігін айтып жатты.

3 - Ендігі бағытымыз сұлу Көкше мен Бурабай

Астана турист ұжымының бағдарламасы осымен мәресіне жеткен. Қайтар жолымыздың пойыз билеті де алулы. Ауыл ақсақалдары келеді екен деген хабарды естіп, өзіміздің белгілі іскер де жан-жүрегі жомарт азаматымыз Қайрат Беркінбаев Бурабайға шақырып шәй берем, бірер күн қыдырып, тамашалап, дем алып қайтыңыздар деп қонаққа шақырған екен. Ертеңіне түске дейін Астананың көрікті жерлерін тағы да аралап, түс ауа Бурабайға қарай сапар шектік. Ұлан ғайыр көсіліп жатқан кең жазиранын бір пұшпағынан Алла тағала мейірімі түсіп осы бір көл десе көлдері бар, орман тоғайға маңайдын бәрін толтырып, оның ішіне неше түлі аң-құстарын жіберіп, мейлінше рахымы түсіп жарылқай қалған екен. Бұрынырақ көргендегіден әлде қайда түрленіп, жаңа ғимараттар салынып көркейе түскен. Бүтінгі Бурабайдын ең айтулы орындары әрине визит центр, ойын сауық орталығы, табиғат мұражайы мен аң-құстар, хайуанаттар бұрышы. Біздерді қатты қызықтырған әйгілі Абылай хан алаңы мен жаңадан бой көтерген этно ауыл. Тобымыз жазылмай ұлы ханымыздың аруағына құран бағыштадық. Одан шығып Абылайхан мұражайына бет алдық. Мұндағы экспонаттар өзінің табиғилығымен, жәй ескі – құсқы емес, тарихи құндылығы мол, жақсы сақталған, қазақ қолөнершілерінің қолынан шыққан бағалы бұйымдар. Батырлар қару-жарағы, сауыт-киімдері, тұрмыстық қажеттіліктер мен әйелдер киімдері мен әшекейлеі бәрі дерлік



таза күмістен соғылып, өзініңтабиғи сол алғашқы қалпындай болып, жарқырап көздің жауын алады. Қазақтың үш жүзі батырлары мен билерінің, ру басылары мен сардарларының бас қосқан ұлы жиынын бейнелейтін балауыздан жасалған аттылы-жаяу бейнелер натуралдық сенімділігімен көңіл баурайды. Иә.. қазаққа ең бастысы бірлік, ынтымақ керек.Туларында 72 рудың таңбасы белгіленген қалың жауынгерлер сапын көргенде «Міне, нағыз ұлы күш, міне нағыз жұмылған жұдырықтай нық тұтастық!» деп іштей толқи түсесің. Абылай алаңының бір қапталы түгел этноауылға арналған мұнда 4 киіз үй орнатылыпты, олардың біреуінде көшпенділердің мәдениеті мен тұрмысы, екіншісінде қолданбалы, қол өнер және оны табан астында тоқып немесе жасап жатқан шеберлер отырыпты. Үшіншісі ас үй мұнда ұлттық тағамдар жаңадан бауырсақ пісіріп ас дайындап жатыр. Төртінші үлкен үй Ақ Орда қонақ үйі, оның іші түгелди ұлттық бұйымдармен көмкерілген, ортада үлкен жозы. Біз түскі дәмді осы үйде таттық. Аулада қалың жылқы балауызбен пластмаспен жасалған бейнелер Қазақтың ұлттық ойыны аударыспақ, көкпар, қыз қуу бәрі сондай нанымды мүсіндермен бейнеленген этноауылда Төлеген Қамзин шежіреші қария біздерге көптеген әңгімелер айтты. Қарияларымыздың көңіл күйлері көтерілгені соншалықты ақынымыз Төлеген Кәрібеков табанда, суырып салғандай болып Абылайханға арнап өлең шумақтарын оқыды. Этно ауылдан сон Бурабай көліне бет алдық. Бірталай қариялар қайық жалдап жұмбақ тасқа барды. Оқ жетпес шыңын айналып жақыннан тамашалауға мүмкіндік болды. Одан әрі хайуанаттар паркіне, музейіне бас сұқтық. Мұнда Бурабайдағы барлық құстар бейнеленіп, балауыздан аңдардың шынай мүсіндері жасалған. Мұржай ғимаратына жасғасып табиға аңдар паркі көптеген аңдар тірі күйінде өсіріліп жатыр екен. Бұл да бір Бурабайдың үлкен жетістіктерінің бірі-деп бағаладық. Бал татыған ауа мен бал татыған қымыз орталық қымызханда жақсы үйлесім тапқан екен.



Міне, осылайша Қазақстанның інжу маржаны саналған Бурабайдағы сапарымызда аяқталған еді. Сол күні кешке Көкшетау Қызылорда поездна отырып ауылға жол тарттық. Қош бол сұлу Көкше....

Дулат Тұрантегі
Оңтүстік Қазақстан облысына еңбегі сіңген қайраткер,
Созақ ауданының құрметті азаматы,



Шоқтығы биік өр тұлға

Әдебиеттің туы еді қайран ағам,
Ұстазымдай мейірім қайда маған.
Қалай ғана көз жазып қалдым екен,
Қара сөзден деп жүріп қаймақ алам.

Мына тағдыр талайды тас қаптырған,
Көзден бұл-бұл ұшты ма асқақ тұлғаң.
Теріскейдің теңбілі өзің едің,
Кеудеңменен бұлттарды жасқап тұрған.

Көрсетуші ең ұлылық биіктіктің,
Драма мен тарихқа уық тіктің.
Жалаң сөздің шатқалын жаның сүймей.
Ұясына иттікті қуып тықтың.

Сабырлық адамдыққа биік сана,
Айтушы-ең, жүгінбегін құрықта ала.
Өрен биік, кеңдікті танытушы ең.
Қараушы едің бәріне күліп қана.

Шерінді тарқатушы ең жырға қосып,
Бірге күліп, жырыңмен бір қосылып.
Тарқатпаса шерінді, шерлі өлең,
Оңды солды кетуші ең осып, осып.

Алдымызда айтар ой аға қалмай,
Қалып барады қияғын жараланбай.
Ғайып болған кемедей суға кетіп,
Қалған ғаріп қайда бар жараланбай.



*Жақсы істі айтпаушы- ед кем бағасын,
Ашу -ыза өзекке дерт қалатын.
Ұстыны едің өнердің бәйтерегім,
Жөнің жоқ жазатайым мерт болатын.*

*Асау жырдың шоқтығын уыстаған,
Ақындардың барлығы туыс маған.
Тәңірдің қалауымен бара жатыр.
Түсіп кеткен қолынан күміс қалам.*

*Мыңжасар АСҚАРҰЛЫ,
Қаламгер, ҚР Мәдениет қайраткері.*



Дулат ағаға!

Теріскейді талантымен танытқан,
Сыр шертеді шежіреден тарихтан.
Өмірінде өнегелі жан болды,
Алғыс алды көпшіліктен, халықтан.

Өткен күндер сырлары боп шертілді,
Шығармалар тудырды ол не түрлі.
Жүрегіне туған жерді құндақтап,
Көңілінде әрқашанда ел тұрды.

Талай шәкірт тәрбиесін алған-ды,
Шын күйінде жаздыдағы болғанды.
Зұлмат жылдар қаламына арқау боп,
Көзін ілмей түні бойы толғанды.

Қалам тартты әдебиет сынына,
Ел тағдырын арқау етті жырына.
Том-том кітап жазсаө болар-ау,
Дулат аға өмірі мен қырына.

Әркез Дүкең нұрлы жолға бастайтын,
Теріс жолды мүлде аға баспайтын.
Дұрысыңды дұрыс дейтін әрқашан,
Бұрыс болса, айтып-айтып тастайтын.

Кесек ойлар айтушы еді әманда,
Бар жұмысын арнаушы еді қаламға.
Көп білетін түйгені мол болатын,
Нұрлы сәуле жағатынды санаңда.



Үстазым еді қаламгерлер тобына,
Ізгі тұғын өткен күндер жолы да.
Әңгімесін жәймен баптап айтатын,
Содан кейін қалам ұстар қолына.

Кеттің аға, бүгін міне ортадан,
Жалған өмір келмейді ғой қайтадан.
Жатқан жерің жайлы болсын ағажан,
Енді сырды аға кімге айта алам.

Сәрсенбек Теңізбаев



Дулат Тұрантегіне

Бабалар жазған шежіре,
Кемел ойдың киесі,
Кешегі өткен Есіркеп,
Есті сөздің иесі.

Солардың ізін жалғаған,
Шабыты шалқар самғаған
Тұрантегі Дулат атамыз,
Қаламнан қолы талмаған.

Сексен үш жасқа келгенше,
Тері тамған параққа,
Алтын асық болған ұл,
Созақтай ұлы алапқа.

Кітаптар жазды ұрпаққа,
Ұлылар жолын ұстанып,
Терсіскейдегі сан баптың,
Рухынан күш алып.

Біздердей шәкірт оқытты,
Білмегенді білдірді.
Сана деген асқарға,
Кемелді ойды ілдірді.

Тырыстық ұқсап бағуға,
Бой түзедік шыбықтай.
Дүкең мөлдір бұлақтың,
Жазуы таза тұнықтай.



Өсек, өтірік хас жауы,
Алыс жүрді арыздан.
Күнәдан таза жүрегі,
Тазалық сүйген парыздан.

Сыпайы жүріс тұрысы,
Мәдениет еді тұлғасы.
Келісті сөзді кемелтін,
Секілді заңғар шың басы.

Сұлтанбектерді тірілткен
Тарихтың шоғын маздатқан.
Ақтаңдақтарды жібітті,
Кешегі жылдар қан қатқан.

Баспалдақ сынды гұмырда,
Аспанға қарай өрлейді.
Еңбегің бар да Ел ұлы,
Рухын сенің өлмейді!

Мақсат Қарғабай



МАЗМҰНЫ

Тұрантегі Дулат Зикенұлы
3

Ай құлақты қара қазан
13

Ғұмыры қасіретке толы тұлға
17

Теріскейдің абызы еді..
26

Талғамы биік, танымы терең
27

Әдебиетші, ақын Дулат Тұрантегінің
шығармашылығы жайлы сыр
33

Армысың, арман қала?!
40

1 - Экспо әсерлері
42

2- «Ллжир» лагерінде
46

3- Ендігі бағытымыз сұлу Көкше мен Бурабай
49

Шоқтығы биік өр тұлға
52

Дулат ағаға!
54

Дулат Тұрантегіне
56





НАРКЕУДЕ

Құрастырған: М. ҚАРҒАБАЙ

Редакторы: М. АСҚАРҰЛЫ

Корректоры: К. РЫСМЕТОВ

Дизайнер: Жанболат ОРАЗБАЕВ

Тех. Редактор: Гүлнар ӨМІРБЕК

Басуға 15.03.2018 ж. қол қойылды. Қалпы 84x108 1/16. Қағазы «Офсетке арналған» 80 гр/м². Қаріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылым.

Баспа табағы 1. Таралымы 500 дана.

Тансырыс № 457.

